



АҚАН – ЗАЙРА

Ақындар, әншілер өмірінен алғып
жазылған алты суретті күйлі пьеса



А д а м д а р ы

А к а н — ақын, сері, өнші.
З а й р а — Керей ішіндегі азырак рудың байлау бір жерінің
қызы. Мұсылманша жақсы оқыған, қиссашибіл.
Ш а й м а р д а н — қыз ағасы. Зайраның иесі де сол.
Б і р ж а н } ақын, өншілер. Біржан кәрі ақын.
Ы б ы р а й } Озгелері бір күрбілас жастар.
Н ұ р ж а н } Нұржан кітапшыл, молда сезді.
Ш о л а к
Ш е р и — Горсан байдың саудагер баласы.
Т о р с а н — қырда саудасы мол жүрген, түрмисы қала-шалау,
саудагер бай.
А қ л и м а — Шеридін үлкен қатыны.
А й ш а — Шеридің карындасы, қалаға аралас. Азын-аулак
орысша біледі.
Б ә к е н — Торсанның кіші баласы. Әке ығындағы үндемес бала
Т ө р е — Абытай тұқымы, орысша әпессерлеу. Ояз тілмашы.
О я з — Торсан, Шери тамыры.
Қ у л а р — Торсан аулының әртүрлі кем-кетігін мазак етіп, бай
аулын күлдіріп жүретін кулары. Сақдау, қылыш, сыйызғышы, бәйітші...
Б о т п а й — Торсанның өрі туысы, өрі ақылшысы.
Д о с м у х а м б е т — Торсан балаларының ақыны. Шарғи
кітапшыл.
А л т ы н а й — Зайраның шешесі.

Бәйбішелер, бәгде адамдар, қыз-қатын, нөкер жігіттер, бәйге
атқа шапқан балалар.

Bірінші сурет

Айлы түн. Көп ауыл арасы. Әр жерде, алыстан шашырай жаңған оттар елестейді. Бүкіл сурет бойында бір жердегі от сөніш, екінші жерден басқа оттар жылт-жылт етіл тұрады. Жайлау түні. Алыста көл түнжырайды. Аздан шашыраган жас тогайлар қарауытады. Жан-жақтан қүзеттің айтактары, жылқышы айғайы, қүзеттегі қыз-қатын әндері естіліп қалып тұрады... Бәрі де алыстан келген сорандап, талмаурап жеткен дыбыстар. Бәрінде де арман сазының белгісі, үйқылы-ояу күй бар сияқты. Осындай түн тыңысының ортасында көп жастың асыр салған ойын-құлқісі біліне калады. Желікті күлкі, шұбар топ: әні, әзіл-құлқісі араласқан күйде сахнаға жакындаш келе жатады. Аздан соң алды жүтіре, ойнай келіп көрініске шығады. Топ ортасында Зайра. Қасында қыз-келіншек, араларында домбыралы ақындар, сал жігіттер. Бұл толта Нұржан, Ыбырай, Шолак бар. Бұлардан оқшауырак еki домбыраның үнін косып, Ақан мен Біржан шығады.

Kөрініс

З а й р а. Ақан қайда? Қайда жүр Ақан? Ойын не қызбайды осы?!

Қ ы з д а р. Бәсе, Ақан, Ақан келсе екен.

З а й р а. Думан тобы әнші-акын. Қызық құмарту қызысын. Келіндерші, бір сергіп шаттанайык...

Ш о л а к (*Біржандарға*). Мен білсем, Біржан аға, сендер қызбай ойын қызбайды.

З а й р а. Біржан аға, сіз шау бол қалғансыз ба, немене?

Д а у ы с т а р. Ақан, Ақан, Ақан келеді.

Б і р ж а н. Е, Ақан келсе көңілді ойын, көрікті жыр келеді.

З а й р а. Ақан кешігіп келді, ойын бұзар аламыз.

Ақа н. Жазалағың келсе кінәламай жазаласан да құлак қақласпын, Зайражан.

Қыздар. Ойын бұзарына ойын бастар айтқызыайық... Жарастықты, көңілді ойынды Біржан өнмен бастасын. Ақан ән салсын... Ақан ән салсын...

Ақа н. Шын ба, не бүйірасың, Зайражан?

Зайра. Тұн неткен ракат, қиял тұні еді. Мына сұрғылт жүзді ай жігіт кіміне табысқалы жасырына тұн қатып, асығып барады. Есінді онайтын тұн, бірақ бекем бол.

Ақа н. Айлы тұн ғана емес, саялыш тұн, қалғыған сай, мұнды дәңдер біздің ән-сауықпен тыныс алсын... Басталсын Зайра жайлауының сырлы тұні. Жалғыз жортқан ай, менің мұндастым, өзіме тілегендей оған да он сапарын тілеймін. Жалғызға жалғыз дем берсін. Ол менің сүйенішім еді. Оны үққаның мені де үққаның болсын, Зайражан. (*Жұрт көтеріп қуаныш қошамет етеді.*)

Зайра. Бір желікті ойын бастау сізге міндет болса қайтеді?

Ақа н. Олай болса біз бұндауда серек құлак дейтін бір ойынды ойнаушек... (*Жұрт қостап шу етеді.*)

Зайра (*кулін*). Жарайды ендеши, Ақан. Тым баяу көрінеді. Серегіменен қасқырлықты сол кісіге берейік.

Ақа н. Жарайды ендеши. Мен өзім де тобынан айрылып жалғыз жортқан көк бөрі тәрізді ем (*кулін*), оған да қуан, бірдемені нәсіп етейін деген шыгар. Төреңе құлдық.

Шолақ (*ойнақыланып, күліп кеп*). Олай болса жас бөрі, көкжай шолақ мен болайын, сері...

Нұржан (*ile жөнеліп күлін*). Е, ата ұлына үлесе келгенде қасқырлықты Карапай алды. Ал Керей итінді шыгар.

Біржан. Мен өзім кемпірінің төсегінен сұынған, үйкі қашып, кірпігі қатқан картан шал, кәрі күзетші болайын. (*Күліседі.*)

Шолақ. Ендеши мына жер қасқырдың жатағы, басы аман, малы түтелінде ит-құстан аман болатұғын жерінді тап, көш, Біржан, ешкі-лагынды айдал. (*Жұрт күледі. Қөпшілікти бастап Біржандар кете береді. Қой-қозы және ит пен күзетші билерін билей кетеді. Сахнада Ақан мен Шолақ қана қалады.*

Бұл уақытта Шолак екі тақияны қасқырдың құлагындаі қып серейтін, екі шекесіне байлан алған. Білекті сыванып, балағын түрген, жалан аяқ.)

Kөрініс

Ақан (*Шолакқа*). Ал, көкжал жалғызым, сен туғанда неге қуандым? Мен кәрі бөрі жар басында жатайын. Сен енді асырап бақ.

Шолак. Балак жағынан бастайын ба? Қалай тиейін?

Ақан. Қалай бастасаң олай баста. Әйтеуір ағаның қармағы бірдің өзін тілейді. Тек соны ұмытпасаң болды. (*Шолак жортын жөнеледі. Ақан қасқырдың ұлу күйі сияқты бір күйді тарта отырып үн косады. Шолак бір қызды алып қашып өтеді. Арттағы жұрт у-шу бол жатады... Артынан бір жігітті сүйреп алып өтеді. Ол, бірақ бұл, жсанғы қызды тауып алып онаша кетіп бара жатыр.*)

Ыбырай. Е, тілеуін бергір, тіпті қасқыр қасқырдың ішіндегі ең адамы осылар екен. (*Күледі.*) Құдай қонағы.

Ақан (*коса күліп*). Ендеше жортқанда жолың болсын демессің бе, бар болғыр. (*Күліседі. Сол уақытта Шолак тағы да арттағыларды шулатып, иттерін үргізіп, азан-қазан қып, Зайраны алып қашып келеді.*)

Kөрініс

Зайра мен Ақан калады. Шолак қайта жортып кетеді. Енді қөпке шейін оралмайды. Құғын шу басқа жакка, алысыракқа аусысып кеткен сияқты.

Енді анда-санда алыстағы ауылдардың айтагы естіліп тұрады.

Зайра (*куліп*). Шолак, қомағай қасқырмысың қалай? Жанекем қызынан сау-тамтық қалдырар емессің гой.

Ақан (*тұрып, жақындан кеп*). Көбін не қылайын, ізделегенім бірің де...

Зайра (*кекетіңкірен*). Бірі болса іріктісін алайын деген шығарсын?

А қ а н. Ойын қасқыр десен де аузына құдай салған шығар. Шын қасқыр болмақ ойым бар. Сондықтан тілегенімді алмай, ілгенімді алушымем.

З а й р а. Ойыннан от шыгарайын деппен?

А қ а н. Ойыннан шыққан от емес. Екеуіміз тегі отпен ойнармыз деймін.

З а й р а. Мен енді сенің оң көзіңе ілінбей-ақ қояйын, одан да ойыныңды ойна.

А қ а н. Бұл дауың ба? Байлауың ба?

З а й р а. Ол өзіме істеген хұкүмім.

А қ а н. Ол хұкүмді Құлагердің тұяғы шешсін. Мен сені бүгін алып кетпекпін. Бір шалуға жарайтын керей аты жоқ. Шын қасқыр болам. Атым мына талдың түбінде тұр.

З а й р а. Ондай ойынга орын жоқ. Уафасыз достық өз ерісін өзі тауықсан.

А қ а н. Ей, Зайражан! Құмарпаздан құмарлық жөнін сұрап нетесің, маскүнемнен ішкілік жөнін несіне сұрайсың? Би уафадан уафаны не деп тілейсің. Бүтінгі көзі, бүтінгі тілегі сенде, сол жетпей ме?

З а й р а. Ей, Ақан, Ақтоты досым еді, екеумізді сенің басың құндыс етіп айырып еді. Мен сонда тағдыр ісі осы болды деп тоқтағам. Енді тағы ма? (*Ақан, Зайра саҳнасы екі-екі ауыз кінә мен талап, соңан соң дуэт түрінде жарыса айтқан үгыспау сөздермен ғана біту керек. Жыны алты ауыз елең шамасы болса сол жетеді.*) Тағдыр ісі осы болды деп тоқтағам, енді қажама!

А қ а н. Шының ба?

З а й р а. Шыным, бұл сөз осымен бітсін.

А қ а н. (*колынан ұстап тартып*). Жоқ, жүресін! Ақтоты ғайып болды. Ендігі жарым сенсің. (*Тартысады.*) Әкетемін.

З а й р а. Әкете алмайсың, мен саған ырзалығымды бермеймін.

А қ а н. Ендеше қазір зорлықпен алдыға салып ап қашамын. Ең болмаса масқаралап кетем. (*Жұлқынып сүйрейді.*)

З а й р а (*бұлқынып*). Тарт енді, жетті. (*Колын жұлып алады.*)

А қ а н. (*сапысын сурып an, тап беріп*). Сен менікі едің, бірақ кетейін депсің. Ендеше басқага бүйыртпаймын, жарып кетемін. (*Күшактап шалқайтып an, сапыны сермей береді.*)

З а й р а (*қорыкпай, мырс беріп күлін*). Ей, Ақан, мен әлдекім емеспін. Сен ақын ең, қадірлеуші ем. Абройынды төкпейін, жатқа үятты қылмайын. Басқа бір сөз айтайын! (*Босанып шығып*) Есінді жи!

А қ а н. Не айтасың? (*Шолак жортып келеді.*)

З а й р а. Шолак, сен Біржанды мұнда ертіп кел. (*Шолак кетеді.*)

А қ а н. Оны қайтесің?

З а й р а. Өзтеге салайық, анау аға ақын еді. Екеуіміз соған жүтінейік... Не айтасың?

А қ а н. Естиін. (*Біржсан келеді. Бір шетінен Досмұхамбет шығып қарап, тыңдал отырады.*)

K e r i n i c

З а й р а. Жәнеке, мына Ақан басында мені тастап Ақтоқтыны өкетіп еді. Ол болса каза тапты. Мені сонда күйдіріп еді. Басында мені неге еліктірді? Енді бүтін қайта қолқа сапты. Бір тойда екі жар бар ма? Мұның мойнында менің қарышым болса да, оның менде қарызы жоқ еді. Арамызға билік айт.

Б і р ж а н (*Ақанға*). Сен не айтасың, шырағым?

А қ а н. Не айтайын, осы Зайра сөзіне қарап билік айтыныз.

Б і р ж а н (*Зайра мен Ақанға кезек Қарап тұрып*). Енде-ше ол күнде, Зайражан, сениң басынды бүл сарапқа салса, ертен бұның басын сен де сарапқа сал. Осында көп дәмелі ақын бар. Солармен бәйгіге түсілсін. Озса, тәнір бүйрығы шығар дегенін қыл. Мінезіңменен орай болса дақ түбі шешілмейтін не кисын бар?

З а й р а. Сөзімді беріп калып ем, болсын.

А қ а н (*ибамен*). Мен сізден өділет таппадым, Біржан аға.

Б і р ж а н. Жоқ, мен баса билік еттім. Байлау сол. (*Нұржан, Ыбырай, Шолак шығады, қолдарында домбыралары. Зайра солармен күлісін, әңгімелесіп жайды баян еткендей болады. Аналар қуанышты желікті домбыраларын қыздыра бастайды. Ақан мен Біржсан екшеле береді.*)

Kөрініс

А к а н (күліп). Япыр-ай, қионы қашқан дау болса да қыстырып әкпеттіңіз-ау...

Б і р ж а н. Шырагым-ай, жаман ағаның алдына дау келмей, билік тимей журдағы. (Бұл уақытта қой-қозы болған жастар тобы шығады. *Күліседі. Жүрт бірден бірге жана хабар есітіп, бір шеттен бір шетке айтысып жатқан тәрізді. Сонымен қатар Нұржан, Ыбырай, Шолақ екі-екі ауыздан Зайраға арналған даттау өлең соғады. Әндері біреу, сөздері басқа-басқа, бұлар домбыраны сокырта әндеміп түрганда қой-қозы сол даттау күйіне қосылып куана желіге билейді.)*

Н ұ р ж а н (өлең).

Жасты жас сүйсе шарғыға муафық, ол сүннет

Уәжип, тең тенін, тезек кабын деген дұрыс нақыл.

Дос ажарын қайырса құфірлік етсе ол пайғамбар

Уагазына хылаф сую Адам мен Хаяу анадан қалған
(деген сиякты).

Ы б ы р а й. Асыл болсаң таңдал тауып бірді сүй. Мені сүйе қой деп жалынбаймын, қолайыңа жақласам мен екеш мені де сүйме. Тек, карындастым, басынды бүлдай біл. Ұсташының қолында, тістегеннің аузында кетпегейсің (деген тәрізді).

Ш о л а қ. Жетеніз болса ерді сүй. Жүрт жетпей мактамас. Жасың да, ақының да, батырың да менімін, мен жарыстан неге қалам. Сенін бәйгене тусуім бақ сынауым, жастығым саған артқан карызыым, сені осы жерден сынаймын (деген сиякты). (Осы үшегүі бастаған хор біраз өдемі. Бұл ән мен би уақытында Ақан оқшау отырып қалады. Зайра жырлан, билеп жүрген топтың ортасында жалғыз тұрады. Ақан Қызғаныш күйі сиякты күйде мұңдайынқы отырады. Әндер аяқталғанда бергенде бір ерекше топ болып Айшалар шығады. Касында Досмұхамбет, Боттай және бір топ Қыз-келіншек. Таныс емес топтар бірінен бірі іркіледі.)

Kөрініс

З а й р а. Таныс болмасақ та құрбы көрінесіндер, ойынызыға қонақ болыңыздар.

А й ш а (*куліп, өз тобының дәл ортасында тұрып*). Ә, мен сендерге жат екем ғой. Досмұхамбет, таныстыр енді.
(*Осы бір ауыз ән атынан Айша мен Досмұхамбет.*)

Д ос м ұ х а м б е т. Мына Зайра Ақантан бой үрган сияқты.

А й ш а. Не дейсің? Тамам ақын бастығы Ақан бәрінің шолуын бір шола ма? Біз кіріссең кем түсеміз бе?

Д ос м ұ х а м б е т. Оны айтасың, әуелі нағашыңың жесірі емес пе Зайра. Намысты неге жібересің?

А й ш а. Рас-ау, ендеше біз оны ешкімге бұйыртпаймыз. Біздің жесір нағашымның аруағын сындырмасын. Жүр, баста, мен араласам. Ақын күмар болса, сенен қайсысы артық дейсің, шырқын бұз.

Д ос м ұ х а м б е т. Бәсе, мен тең ақынмын, неге оздырмаймын. Тіпті болмаса жатқа жібермеймін. Макұл ма?

А й ш а. Бұзылғаны рас болса жазасын тартсын, дұрыс оның.

Д ос м ұ х а м б е т (*мактау өлеңмен амандаса жырлайды*). Құн астынан шыққан Құнікей сұлу деп рауайлар, рауайларында рауайа қылулар, түннен шыққан тұн сұлу болыңыз. Асыл Айша, Шери мырзаның қарындасы. Саулығыңа, сапарыңа “құтты қадам”, “сапары мұбәрак” айтамын дейді.
(*Eki жақ та күліседі.*)

Б і р ж а н. Қалғанын мен айтайын, мынау Ыбырай сен, анау жас пері Балуан Шолақ... Анау отырған Ақан сері.

А й ш а. Ақан!?. Бұл жүрісім тіпті теріс болмаған екен. Құлақпен естігенді көз көреді деп, сері сіз екенсіз, есенсіз бе?

А қ а н. Шүкір, шырак. (*Орнынан тұрмайды. Бір-ак қарап қойып, екінші бүрмелмайды.*)

А й ш а (*ынғайсыздау күйде Нұржанға*). Бұл кісінің үнемі қалпы осылаймекен, көңілсізі несі?..

А қ а н (*қарамастан*). Тегі куанышымыздан өкінішім көп болатын машығым еді, қарындасым... Зайражан, солай

емес пе? (Зайраға телміре қарайды. Бұл уақытта Нұржан, Ұбырай, Шолақ тегіс Айшага үйіріліп жайды баян етіп жатады. Біржан мен Зайра Ақанға жақын оқшауырак.)

З а й р а (Ақанға). Мен мұнды күйінді сөккен кісі емеспін-ді тегінде.

А қ а н. Алдияр, үйтпесең Зайра дер ме ем...

А й ш а (ана жігіттердің сөйлем тұрған сөздерін тастай беріп, Ақанға жақындал). Жастық үміт күлкілі болса жарастықтық емес пе. Мұндылық кісі сүйсінетін күй емес шығар...

А қ а н (бір қарайды да, жауап бермейді. Айша қиналып, тұтанаң қалады. Ақан Зайраға). Қазым да, төрем де өзінсін...

А й ш а. Танымай көзіңің еті өскен екен. Сен менің жеңгемсің... Бұл не қылған топыр, аулыңа Арқаның бар серісін жиып.

З а й р а. О не дегенің?

А й ш а. Басыңды сарапқа салғаның не. Иең жоқ па?

З а й р а. Мен он жактамын. Сыбағама тиген аз күндік жастық еркім өзімде. Оныма қол сұқпа. Және енем емес шығарсың. Кексе қатынша келмей, түріне лайық жасша кел, таныс бол мына елмен. (Күлін.) Есіттік... (Ұбырай, Нұржан, Шолақ Айшага үйіріле береді, Айша қарамай Ақанға қарай ентелей басып кеп.)

А й ш а. Жаңа есіттім, басыңдың бәйгеге тіккен екенсіз.

А қ а н. Бұны не деп ұқсам екен?

А й ш а (күйініп, шыдамсызданып). Сарапқа түспей-ақ осыны талассызы таңдарап алатын тұғыр болмас па еді? Сіз соған көнбеспедініз? (Жұрт тегіс екеуін тыңдайды.)

А қ а н (Зайраға қарай түсін). Тегіннен алғаннан көрі теріммен алғанды тәуір көруші ем.

А й ш а. Сонда басыңды сарапқа салуың намыскерлігіңден бе, жоқ намыссыздығынан ба?

А қ а н. Бақ сынауым. Ер қайрағы егес деп білетін дағым бар еді. (Айша тұрынқырап қалады.)

А й ш а (өзгеріп бойын жиып). Ендеше дұрыс батамды берейін, жолың болсын...

А қ а н (ағзана мысқыл еткендей). Осы қазакта қыз батасында құн болушымеді, шырагым, ә? (Жұрт ду күледі.)

А й ш а. Тілеулестігімді де көп көрдің бе?

А қ а н (*мойнын бұра бере жылдам*). Еп болмаса көп болмас. (*Жұрт тағы құледі, Зайра, Біржан ойнайық, жүргіңдер десін топты бастап жүріп тегіс қайта желігін ойнай, билей, ән сала кете беріседі.* “*Жарыс-жарыс, еркек ақындар жарысы, ақындар бәйгесі!*” деген дауыстар көп естіледі. Зайра Біржансың ишінде қолын асқан күйде. *Ақан жүрт артынан жалғыздау кетеді. Айша сілейіп мұнды, ойлы күйде толғанын калады. Қасында Досмұхамбет.*)

Kөрініс

А й ш а (*Досмұхамбетке*). Әншіейінде ауыз жаппас, той дегендеге өлең таппас... Неге жауап айтпадың мен үшін.

Б от п а й. Ей, Тәнірі ақын, бақсы бір. Со да бағына сын боп па, Айшажан.

Д ос м ұ х а м б е т. Бәсе десенші.

А й ш а (*жарыса екеуін де қага берін*). Бағы бар бұсын еселі сөзім кеткен соң. Ал мен де сынға түстім. Өйтсе алдыңғыларға қарай... (*Аналардың артынан үмттыла жөнеледі. Ботпай мен қызы-келіншектері ере кетеді.*)

Д ос м ұ х а м б е т (*жалғыз қала бере*). Бәсе, жүрген аяққа жөргем ілінбей тұрушы ма еді?

Ш ы м ы л д ы қ

Екінші сурет

Шаймарданың үлкен үйі. Қалың жиын. Ортада Біржан, ол ірі ақын. Айналасында өңшең нәкерлі ақындар. Бәрі де сал киімді, үкілі домбыралы. Шетінен бәйгелердей баптанған сылқым серілер. Шымылдық ашыла бергенде өз нәкерімен Айша шығады. Оған жас ақындар түрекелісіп құрметпен қарсы алып, орын беріседі. Айша да би қонақ тәрізді.

Kөрініс

- 1- дауыс. Ал енді жиын түгенделді.
- 2- дауыс. Ақындар енді бастаса екен думанын.
- 3- дауыс. Иә, міні, үйдің сырты толған жұрт, ынтымай түр, түге.

Ш а й м а р д а н. Уа, басталсын, басталсын енді ойын!

Б ір жаң (екі-үш ауыз “той бастарын” айтады). Шырқаған әнім дабылдай боп шықсын. Алғыр қыран, дәмелі жігіт болса сол дабыл үнінен тілеп үшатын шабыт кезі болғанын үксын. Міне, мен Зайра көрсеткен бәйге түйеге әнімменен ту тіктім. Бәйгеден жал-құйрыны сүзілген көп сері озып келуте жараганын осы туды жанап от (деген сиякты). (*Жұрт біраз іркіліп қалғандай болады. Аздан соң Ыбырай бастап жөнеледі.*)

Ы б ы р а й. Ендеше іркілетін не бар? Еселі сөзді айту қарыз болты. Пәленше деп тал бойым үйымаса да және машиғымда өзі іздел келген болмаса, аяғымнан өзім іздел бармайтын әдетім болса да, жігітке қыз қолған бәйге екен, сен жүлдеге тиген күнде де, менің ала алмасым екіталаі болатыны бар (dep жүртты құлдіре токтаған кез сөз болса).

А й ш а (Ақанға). Мынау бір семіз сөз екен. Сіз айтуға лайық па өзі, қалай!.. Бірақ сіз де осы сарында сөйлесеніз онда бәйге келіседі екен. (*Жолдастарымен күліседі.*)

А қ а н. Менің де жәй көлдененге айтатын сөзім осылай болушы еді. Бірақ Зайра жолы басқа. Өзге ешкімге айтпайтын сөзді ғана айтармын.

Д о с м ұ х а м б е т (Айшага). Ақан кешеден бері сенін бүғалығың мойныма түсіп қала ма деп қашып-ақ келеді-ау, Айша.

Б о т б а й. Бәсе, тіпті ылақда қашаған екен.

А қ а н (Зайраға қараган бетінде мыналар сөзін елеместен сөйлей береді. Айша тағы қүйініп қалауды). Бұлбұл бар гүлге ынтық. Паруана бар шамға ынтық, ал үрған Мәжнүн болты Ләйлаға ынтық, соның бәрі ертегі емес, менің мұндастарым, біреу байлығымен мактанса, біреу бектігімен шіренсе, мен қуба тәбел коныр баяу әнімді өзіне тартқан Зайраммен мактанаар ем. Құрмет сөзімді тыңдар болса, арабтың жаман қара баласы құрлы зар жырын мен де айттар ем. Бір сия-

қамыс қалам болса да шер бұлагын көрсем барымды жазып шығуға шамасы да жетпес пе еді? (деген сияқты).

Д о с м ұ х а м б е т (*Айшага*). Мұндасы Мәжнүн болған ырымы жаман екен.

А й ш а. Бүгінін түніліп баяғының сағымына құрбан бола ма? Біз ондайын мактай алмасақ керек, ә?

Н ү р ж а н (*Зайраға*). Ол Мәжнүн болам дегенмен сіз Ләйлі болуға көнбессіз. Көрер көзге де көр актарған мактан әмес. Дінге де ол қылап. Мен Нұржан басыммен он көзіңе ілінсем деймін.

З а й р а. Фзули, Науайлар зар еткен құллі мұһмин аттарын даттаған жеті ғашық болады. Хайласы шарғи деп әған үрынғаныңды мақұл дей алмаспыш. Құфірлікке де санауга болар.

Н ү р ж а н. Е, сен менің бойыма сыймаймекенсің? Мен әзгеден кембедім?

З а й р а. Сен Нұржансың ғой.

Н ү р ж а н. А, солай ма, ендеше біз де сөйлеп көрелік. (*Желдірмелете әнмен тақпактай жөнеледі*.) Надандар тура сөзден баһра алмайды. Шала молда дін бұзады. Шаригат шарты өлшеу біліп, мөлшер тануда. Шектен асқаның әрі ысыраф. Ислам жолы да, ата нақылы да заманыңың ҳакімет, заманыңың озығын құрмет тут дейді. Қобызын бірге құшақ-тап, ел-жүрттан кетіп ку дала, ку мединді кезетін, Кербала-ның шөлін кезгендей қанғып кеткен Қорқытты сүй демейді. Зайражан, жетенде болса сөз теркінін танырсың (деген сияқтының айтады).

А қ а н (*Іле жөнеледі*). Адам құдайлың басынды жоғары алып жүр деп жаратқан пендесі, төмен қарай тұқырып аяғыңың астындағы жемнен басқаны көрме деген маклұғы әмес. Шашып қойған ырзығы бар. Соны ғана тер, тауық бол десең сен де дүмше молдасың. Мен менсінбейтұғынымды менсінбейім дейім, тілегенім болса бүйірмаса да аламын деймін. (*Зайра құліп мақұлдағандай болады. Нұржан іркіліп Қалағы*.)

Д о с м ұ х а м б е т. Мыналар ақындыққа таласпай, аударыса-аударыса өртен шығып кетіппіз деген сияқты жағысамыз деп молданың бақшасына түсіп кетті ме немене?

Айша. Иә, сіздер үгымсыз тілмен кітапшылағанды машиқ қылады екенсіздер, жұрт ұғатын болсын, болмаса орысшалауды біз де білеміз. Конечно, что на самом деле?

Шолак (*әндете шырқай жөнеліп*). Тіршілік жастық маган тілеген сый болса, дүниесін азан-қазан қып өтемін. Батырмын, ел шабамын, байлыққа көңіл ауса айдап алам. Балуанмын, егескен балуан кез болғанда қабыргасын сындырагам. Ақынмын, әншімін, қыз жүргегінің тамыршысымын, көңілім ауған қиғаш қасты куанта да, сүйсіндіре де білемін. Есің дұрыс болса сегіз қырлы жігітті тани біл (*деп жүртты тегіс желіктіре, сүйсіндіре токтайды*).

Айша. Е бәсе, кісіні шын сүйсіндіретін ақын осындағы болсын да. Бері келінізші, Шолак. (*Шолак құліп жақындағанда қасынан орын бергізеді. Және Ботбайға белгі етіп бір тоң дүрия сыйлайды.*) Мен таразы басында болсам Шолакты костар ем.

Дауыс. Ендеше Шолак озды да.

Екінші дауыс. Бәрінен жақсы айтқан Шолак, болды.

Дауыстар. Шолак-Шолак, Айша тауып айтты. Шолак озды.

Шолак. Жок, жұрт, даурықла. Мен оздым деп отыргам жоқ. Біржан аға, байлау сенікі, сен айт. (*Біржан Зайраға, Ақанға қарап, іркіле береді. Ақан баяу, сөйлемейді.*)

Зайра. Бәйге әлі қызыбаған сияқты. Бап ізден отырған жүйріктер бар. Әлі шаппай отыр деп білем.

Біржан. Ендеше мен де шын сынды енді айтайын: бәйге өлең шығар деуге не болмасын. Өн мен өлеңін осы арада қатар бізге шығарған өзіңсін.

Ақан (*сергіңкіреп*). Ендеше әуелі Досмұхамбет сөйлесін.

Досмұхамбет (*бәйітше күйлі әнмен тақпақтан*). Сөзімді үғар болса, жұз сомдық ду базардың үлкен көпесі болмаса жарастығы бола ма, жәрмеңкені ірбіт шапқан байлар шатыр тігілмей шуы көтеріле ме, кітап тасыныш өткен ғұламасы отырмай мәжіліс түзеле ме, жалтырағанмен мыс тиын ақша бола ма? Мысты алтын деп аһ үрмандар, жаранлар (*деген сияқтыны термелей береді*).

Ақан (*құліп*). Анден артық тақиғажап даңлары уар...

Ы б ы р а й (*орнынан сілкінің түргандай қатуланып, Нұржан сөзін бөліп*). Уай, Досмұхамбет, осы шайлап қалған дуадақша өстіп жаяулай беремісің? Жок, бір токтаймысың?

Д о с м ұ х а м б е т. Асырып айтсаң, мен қой дедім бе?

Ы б ы р а й. Осы сен токтайтын болсаң мен үндемей-ак кояйын. Тек осы бауамынды койшы, жарқыным. (*Жүрт күледі.*)

З а й р а } Ал, өзің, өзің айт.
А й ш а }

Ы б ы р а й. Жок, мен жаңа сөз бердім. (*Ақындарға.*)
Бәйге атанып жүріп тай орнына шаптайық. Мен Біржан атаған үлкен өрістен табыла алмай қалдым.

Ш о л а қ. Сонда да... шын қармансан үнеге шықпасын.

Ы б ы р а й. Жоға, кел, жігітім, жүрт Шолақ дегенмен, шын Шолақ болайық. Шаманды білген де даналық деген, мен токтадым.

А қ а н (*домбырасын безілдеміп отырып, суырып салған өлеңмен осы арада шығарған “Сырымбетті” шырқай жөнеледі*). “Түлеп үштүм Сырымбет саласынан, ғашық болдым ақ сұнкар баласынан”, мағынқам дидарындан жаратқаның жамалын көрушем, жапанға жалғыз біткен сен бәйтерек ең, конбакқа бутағыңа үмітім бар еді. Күнімді түн еткен қайғы назым таңғы сағымнан сезілер деп ем, шерімнен сауыры қалың қара жер тебіреніп аһ үртыйған жалғыздық зарым, мұңлы шерім тілекке жетер деп едім. Бұл бір ферденен юз фердені би жай демеп пе ед. Енді дертімді шерткізе берме, мені ая, аяmasан да өзінді ая, жамағат алдында ішті ақтармайық. Басымды бұдан әрі саудалама.

А л т ы н а й (*Ақанға*). Қарагым, көп жаса, атағыңа өнерің сай екен. Сазынды тыңдал бір жасардым ғой. Зайра-жан, сыйласаң осындей ағаны сыйла. Жап иығына мына тоңды. (*Жүрт үйіп қалғандай үнсіз. Зайра орнынан тұрып, Ақанның иығына кестелі тон әкеп жабады.*)

З а й р а. Лайнте мин раҳмет алла hep деген аяттан менің де үмітім бар. Айтқаныңа иланбады деме... Сенің мені тартқан күшің осы емес пе? Жүлде алған желаяғым сенсің. Мактаймысың. Ақтадын.

Д о с м ұ х а м б е т (*kekemін, Айшага*). Дүспалдарын біз

сезгеміз жок. Тәнірі бір серпілеміз бе. (*Айша тыңдамайды, мұнайып үнсіз қалған.*)

Ш о л а қ (*Aishaga*). Бұлар сол аһ үрдым, өлдім, талдым демесе көңілдері көншімейтін өңшең бір қаусап тұрган күйрек немелер өзі. (*Айша тыңдамайды.*)

Д о с м ұ х а м б е т. Олай болса тәркі дүние боп, шөкип жиһан кезіп кетсеші... ғашықтықтан өртенгенін көрейік. (*Күліседі. Айша тыңдамайды. Айша соңғы сөздерін есімін ашуланып.*)

А й ш а. Қойшы, әрі, құдыққа құлан жығылса құлагында құрбака ойнайды деп түге... шын бір кісінің өзіме осылай дегенін мен неге естімеймін осы? (*Ақанға қараиды. Ол елемейді. Екі көзі Зайрага телміруде. Осы күйлерді байқап отырған Досмұхамбет соға жәнеледі.*)

Д о с м ұ х а м б е т. Мұләйім сөз, маймақ жүрісті тәсіл еткен екенсің. Бір қосағын пері қызы деуші еді. Сол ақыл еткен шығар. Біз сенімен салыспай-ақ ығысайық, үйткени пері досың жалғыз ұлынды да сенен қызғанғаннан тілін байлап, мылқау етіп кетті деп еді. Мен соны жүртқа білдіруді міндет көрдім. Эйтпесе айтысып салысадан бой тартып ем.

З а й р а } Не деді? Не айтты? Перісі не? Не жұмбақ!?
А й ш а }
Д о с м ұ х а м б е т. Өзі айтсын ендігісін. (*Жұрт аныра Ақанға қараиды. Онда үн жок. Басы төмен.*)

З а й р а. Неге ашуланбайды? Мойнына алғаны ма? Мен не күйге ұшырап барам осы?

Д а у ы с. Ақан неге сөйлемейді? Өзі неге жөнін айтпайды?

— Айтсын.
— Сөйлесін.

А қ а н (*басын аз көтеріп*). Жұрт есегін сол жүрттың өзі айтсын. Менің атым бұл күнде талай еріккенге қолжаулық болған. Заманы кетіп бара жатқан Ақан кім аузына қақпақ болуға жарасын. Бірақ өтірікші, өсекшінің қағауышы ғана емеспін. Айтушының өзі дәлелдесін.

А й ш а. Бұл жауап емес қой.
Д о с м ұ х а м б е т. Бас алып құлақ тігісі жаман. Тегі осы сөз төркінсіз емес.

З а й р а. Бекер дей алмағаны ма шынымен?

Д а у ы с т а р. Ақанды мойындаатты білем.

— Шын болғаны гой.

— Сүрінті ме дейім.

Ш о л а қ (екіленіп, ескектетін). Әттең тәнір-ай, қуушы көңіл аз ба еді осынша? Іштарлық етпесең, біз ұғыссақ етті. Досмұхамбет айтқан мінімекен серінің? Бізге бітпеген қасиеті емеспеді? Өлеңімен, әнімен пері түсіреді екен. Сол кінә боп па? Қазақта ондай кім туып еді дегенге не дер едік. (*Жұрт Аканға қайта сүйсінгендей болады.*)

Б і р ж а н. Ендеше не талас бар? Дарыған ақын, ән дарқаны. Тәнірдің берген бағына кім таласуши еді? Мен ағалық батамды осыған бердім. Байлау сол (деген сияқты айтады).

З а й р а. Ендеше, Ақан, басынды көтер, бойынды жи, өзің мұнда, бері кел. (*Акан тұрып қасына барып отырады.*) Енді басында ис ауыртпалық, жүргегінде не мұн бар, өзіннен естійн.

Д а у ы с т а р. Жарайды, Акан.

— Сыбаға осыныкі!

— Құтты болсын.

У-шу. Арада қуанып би. Жұрт тегіс Ақан мен Зайра айналасына үйіріліп, желікті топ-тоң боп, масайрап қалады. Айша, Досмұхамбет, Ботбаймен берірек болініп шығады.

K e r g e n i n g

А й ш а. Мен мына Зайраны қазакы надан қыз деп менсінбел ем, мынау серілік заманынан асқан бір мінез екен. Қимаймын.

Б о т п а й. Көргенінен көп екен көрмегенің деген.

А й ш а. Дүниені алдыым, қазақтан астым деген ағаларым кайда? Ізде шарасын, сөйлесін.

Д о с м ұ х а м б е т. Бәсе, Шери қайда? Мынандай еркелік, серіліктің шырқын бұзса нетеді? (*Досмұхамбет Шаймарданды алып шығып сөйлеседі.*) Сайлаушы оязбен бірге

Шери мырза келеді. Осы өлкедегі бар болысқа болыс-биді мырза дегенімен сайлап келеді. Шери осы жолы сені би сайламақ, сәлемі осы.

Ш а й м а р д а н. Жасаган-ай, не дейсін? Шүйінші неге тілемейсің, аузыңнан айналайын. Ендеше құлы болайын мырзаның.

Д о с м ұ х а м б е т. Жалғыз-ақ мына Зайра мырзаны оң қабақпен қарсы алсын. Мырзаның ниеті үлкенде... Мынадардай бір күндік желік емес. Мынау бақсы-бәлгер ойнағы сияқты топырдан бой тартсын.

Ш а й м а р д а н (*ұмтылып барып Алтынайды ертіп келіп*). Бес жылдан бері мал-дүниемді шығындаپ ылғи женіліп келем Сарыдан. Үрлік-қорлығынан жер болып біттік. Енді міне Шери мырза мені би сайлайды дейді. Сенің үйіңе түспекші. Ниеті Зайрамен сүйек алыспак дейді. Тараттыр мына тобырды.

А л т ы н а й. Әкесі, агасы жок. Ертең жатқа кетеді. Бес күндік конак, аз күндік дәуренің алдынан шықпай, күліп откізсін дейтуғым. Топ иесі сенсін. Бірақ обалына қалма тек, жаным. (*Бәрі кетеді.*)

Б о т п а й. Осының бәрін үйіп-төгіп, осы қыздың ауыл-отанын алса нетеді. Шериге кім талласар екен.

Д о с м ұ х а м б е т. Ауыл-ауданына қыздың өзін қоса мырзалықпен сәнгे қақалтып, осы қызды сол қағып әкпесте қайтеді?

А й ш а. Болды, осы байлау болсын. Шериді осыған қызықтырып көріндер. (*Нұржан жақындаиды.*)

Д о с м ұ х а м б е т. Сізге айта алмай келген бір сөзім бар еді? Зайраны көре келген кыз көрущілердің көруші бастығы Айша еді.

Н ұ р ж а н. Қарағым, шын айтамысың? Кімге? Ағаның бірі ме?

Д о с м ұ х а м б е т. Иә, Шери еді.

Н ұ р ж а н. Шери мырза ма? Ойпыр-ау, мені бұрыннан неге куантпадындар?.. Мен қудай көктен тілегенімді жерден берсе... сүйінгеннен басқа не айтатын едім. (*Досмұхамбетті ертіп кете береді. Куанышты. Сол арада айттыру жай емес. Сайлау. Нұржан соған қызығады. Досмұхамбет Жүсінке*

Шеридің сайлауышы оязбен бірге болыстарды сайлап келе жатқанын, бұны бі қойғанын айтады. Сайлау, сайлау. Жүсін мәз. Бұның айналасы куанады, ақсақалдар, ру басылар хоры.)

А й ш а (арғы топтан жырыла шықкан Шолақ пен Нұржанды екі қолымен қатар құшақтап). Ақын тілесем сендер кімнен кем бопсындар. Қыз іздеген сал, сері болсаңдар, менің басым кімнен кем бопты осы! (Өзі ылғи Ақанга телміре қарайды.)

Н ұ р ж а н. Қарағым, бір назарындан садаға өзге қыз.

Ш о л а қ. Менің шабытымды тартатын, ақ түлкідей ажарлым сенсің. (Айша екеуінің де мойнынан құшақтай береді. Бірақ көзі ылғи Ақанда. Анау өз қызығында. Соны көріп солқылдан жылап жібереді.)

Ш Ы М Ы Л Д Ы К,

Үшінші сурет

Тұн. Көл жағасы. Бір жакта жартас. Сонын оркеш-өркеш тұмсығы көлге тіреледі. Көл беті ай сөулесімен жарқырап шубартып тұрады. Ай көрінбейді, тастың тасасында. Сахнага Ақан, Зайра шығады.

K θ r i n i c

А қ а н. Мені әлі күнге жатырқаған кісі сияқтысың. Япыр-ай, бұрын қалайша жақын сияқтанғанбыз осы.

З а й р а. Бұрынғы күнімді не ұмыттым, немесе ол уақытта Актоқтыға ілесе жүріп үстірт еліккен болармын.

А қ а н. Енді маған үйрендің бе өзің? Танып болдың ба? Соны айтшы!

З а й р а. Таныдым-ау, бірак...

А қ а н. Иә, ірікпей сөйлемеші.

З а й р а. Таныған сайын көнілде жарықшақ бар. Бір жағынан қызығамын да, кітаптағыдай ғашық ғүшірет дариясына шомғым келеді. Бірақ сонымен қатар қобалжуым, тартыншағым да бар, мигула болдым мен, Ақан!

Ақа н. Ауыл-отаның жалғыз атты жарлыға қосуға көне алмайды, сол қобалжытады ғой.

Зайра. Ол бір тәбе... бірақ толқым одан да емес.

Ақа н. Енді неден?

Зайра. Менің жарым я сен боларсың, я сендей болар деп ойлаған емес едім. Қосағым сен болған күнгі өмір маған өлі күнге бұлдыр, мұнар ішіндегі бір нәрсе тәрізді.

Ақа н. Шынынды айтқаның да жақсы болды. Бұл менен құтылуың ғой. Бірақ мен енді (*мұңайып*) бойымды жия алмаспын, құлап кеттім. Қайраттан да айрылып қалдым. (*Отыра кетіп.*) Қайтермін...

Зайра (*аяп*). Мен дел-салдамын... Жүргім жыртылып айрылған сиякты бір жағы саған жабысады, екінші жағы сені жатыркайды, қашады... (*Үндемей тұрысқан соң.*) Кешегі жүрт айтқан немене? Қөзіме көрсетші. Ол не еken білейін. Біле отыра басымды байлайын.

Ақа н. Ол афсанда, Зайражан. Сондайга сене ме еken? Жын, пері, шайтан дегенді кім көріпті?

Зайра. Жоқ олай деме, олар бір адамға көрінеді. Мен өзім шайтанды өлденеше көрдім. Ылғи аятылғұрсі оқып қана кашырамын.

Ақа н. Жай бір елес қой.

Зайра. Жоқ, сен мына араға отыр. (*Отырғызып.*) Шерт сазынды. Мен әдейі осы түнде сенің сырынды білейін дедім.

Ақа н (*шошынғандай*). Мен сенен айрылмақпын ба әлде?

Зайра (*Ақанның домбырасына телміре*). Әуелгі шартым... мынау... (*Ақан аһ ұрып күрсініп, басын төмен салып толғанып қалады. Қолы домбыра тарта береді. Баяу нотадан бастап бір сарынды өрлемете, өсіре береді.*)

Ақа н (*аздан кейін ун қосып өлеңмен шерленеді. Ән барған сайын үлкен мұнды, шерлі саз бен бір салқын сырлы сарынға айнала береді. Мұнда фатальность, символика және ертегілік фантастика мазмұны бар. Өлең осылай өрлеген сайын қызы да сынып, елтігендей талмауси береді. Қолге, түнге қарап, елес күткендей болады).* Сүйген жардың мекені алыска шырқар ма, Иран бағы гүліндей қол жетпесім, саған жетер

сапарымды киындааттың ба? Сейфұлмәлікке берген киын жолдың ішіндегі оң сапарын бере ме, Зылихадай аң үрганмен муратхасыл болар ма? Бұрынғы жәрдемші самұрық құс қанатыңды тоспайсың, ғайып тәсір мені не қылсын. Сұнкар боп үшқан сорлы әнім, от мұхитынан өте алмай қанатын шарпылар ма, тұлпар боп жорытқан жел сөзім, каф қияснан аса алмай төрт аяктан тұралармысың. Ертегі үшқыр кілемін берген жоқ, дию шамдалын қайда тыққанын мен білмеймін. Маған жәрдемші кім?.. Ынтызарым, өзің жәрдем етпесең Шаһбаздан айрылу шерін сардалада жалғыз ұлып, зар қып өтермін. (Зайра қалғыгандай күйге телміріп ұйып отыр. Осы өлеңнің аяқ кезінде көл үстіне женіл мұнар түсіп, Зайраның бет алдынан елес ашылады. Алыста бір акку пайды бол, көл үстін сыза келіп жағаға тоқтайды. Сілкінеді. Пері қызы боп шығады. Билейді. Ақан әні бұл кезде "Хорланға" ауысады. Тәтті мұндық қоңыр баяу лирикаға айналады. Қыз билей жүре ымдар жасайды. Мын бұралып, поэзия, музика музалас тәрізденіп қанат қағады, қол бұлғайды. Алысқа шақырган сияқты. Ақанды жалғыз шақыргандай болады. Ақан бұл көрініске сырт беріп отырған, бірак әні бір мұндық жоқтау түрінде, соғанғана бой үрган қалыпта.)

Бір жансың қол жетпесте Қорлығайын,
Мағрып берген екен күн мен айын,
Мұратқа талпынсам мен жетемін бе,
Дарига, арманым көп неғылайын.
Уа, дарига, лаулек тас,
Бағдат-Мысыр, Шын-Машын, іздесем,
Корлан табылmas!

(деген сияқты ән). (Билеп жүрген қыз Ақанды шақыргандай. Зайра сол кезде ояна береді. Ақанды буре қысып, қымсына береді. Жабыса түседі.)

З а й р а. Кетемісің шынымен. Кетпе, тастама.
Ақан (әнін тоқтата бере). О не, не дедің?.. (Ән тоқтасымен Зайраның көз алдынан пері қызы ғайып бола беріп, тұманға батады. Ақан үндеңей сұлық түсіп, сұрланып қалады.)

З а й р а (*оянып, есін жиын*). Япырай, тіксіндірді ғой.
Қой, мен бой тартам. Мынандаймен мен тең келе алмаймын.
Ақан, сен азатсың.

А қ а н. Не дейсің? Не болды саған?

З а й р а. Мен көрдім... білдім, болды...

А қ а н. Мен неге көрмейім?.. Өз ойындағы елесің...
Қалғыған шығарсың.

З а й р а. Ненің елесі? Неге көрінді, кім ол?

А қ а н. Мен қинауды, толғануды ғана білдім, басқа
ештеңе көрген емеспін.

З а й р а. Жоқ, бүкпе сырынды, түсіндір.

А қ а н. Жел сорым – шер қиялым аулақтатпаса менің
сенен алыстататын дүнием жоқ.

З а й р а. Сол немене? Басқа сүйгенің жоқ па?

А қ а н. Басқа сүйгенім бар... Ол Құлагерім және түйгы-
ным – ақ, наражайым.

З а й р а. Оларында не сыр бар? Осы не күй өзі мына
жеті түнде? Сенің басында не туман бар?.. Құлагерің, түйгы-
нын не?

А қ а н. Тұман жоқ. Басқа сүйгенінді айт дедің ғой.
Бірінің серпіген қанаты, бірінің жулде әперген тұяғы – менің
қос қанатым, қияқ-шалғым сол екеуі. Ендігі қалған тірліктері
күшім мен бағым да, нақ сүйерім де солар деп ем. Бірақ
саған олар күнделес емес.

З а й р а (*өз-өзіне айтқандай*). Мен Бәдіғүл Жамал –
Сейфұлмәлік түнін көрмедім бе? Әлде мен талдыым ба?.. Ыс-
тық, ракат та сияқты. Жоқ, сонда да бекіне алмайым... баса
алмайым...

А қ а н. Сені үйқы жеңген екен.

З а й р а (*Ақанға*). Сен бара тұрши, мен есімді жинай-
ын. (*Ақан кетеді. Қызы жалғыз ыңғырсыды, өндөтеді.*) Асық-
паши, көлгір. Тоқташы, мені өзіңмен қоса еліктірме, ойлан-
дырышы... Елтігендеймін, маспын. Бірақ толған, толған, оян-
шы, ақыл-санам. Иә, шүү, бас, басшы, тартышы колымнан,
бүнда сағым, елес... дерптісі несі? (*Сол кезде арттарынан
жастар тобы кеп шығады. Ішінде Шаймардан, Досмухамбет,
Нұржан бар... Ойыншы, желікті.*)

Kөрініс

Ш а й м а р д а н (*Зайрага*). Қарағым, сен мұнда ма
едің. Мен де, ауыл-отаның да бұдан арғыны қостамаймыз.
Қызық дәурен кешірдің. Енді сайлау, сайлау келді.

З а й р а . Н е д е й с і н ?

Ш а й м а р д а н . Біздің сайлау еді өткізетін ұлығын,
бай-бағланың бір-ақ адам... Еркің менде болса, менің еркім
сонда.

З а й р а (*Нұржанға*). Үқтышы...

Д о с м ұ х а м б е т . Асыр сауық салдық. Ата-ененің
жүрелгісі жаңа дәурен енді басталады.

З а й р а . Н е д е й с і н д е р ? Менің ұйығаным Ақанның әні
емес пе еді?

Ш а й м а р д а н . Біз ақын мен бақсы шықпаған
түқымбыз. Тенің бұл емес. Балалыққа жол жок. Тенің мен
қосағыңды басқадан күт. Міні, хабары келді.

З а й р а . Ол кім? Н е айтар?

Д о с м ұ х а м б е т } Ол Шери, Шери мырза! Шери
Ш а й м а р д а н } мырза!..

Бәсі бәсеке енді бітеді. Алтайдың ақ иығы тілеп үшты
бір сен деп. Қазақ баласының ұсынса қолы жетпеген асыл
терегі, Торсан байдың ерке бағылан мырзасы... Шери, Шери
мырза!.. (*Топ түгелімен Шери мырза, Шери мырза деп жырлап
ойнайды. Ақан салбырап шетте жалғыз қалады.*)

З а й р а (*онашалау, жалғыз өзі*). Жастық дәурені осы
түнмен тарқамақ па? Алдым не, ақ нокта енді менен дәме етті
ме? Болмайды. Жолыма сұық лебі келеді. Болмайды. Қалай
басам?.. Айналам түн, саңылау жок. Аяқты қалай басам?..
(*Бұны топ қоршап әкетіп бара жатады.*)

П Ұ М Ұ Л Л Ұ К

Төртінші сурет

Үлкен үй. Ауыл құтулі, әбігер. Ерекше қонактарды тосады. Алдын ала сый-сияпат, ырым-қәделерін алғандар отіп жатады. Сандық ашып, жыртыс үлестіріп жатқан Досмұхамбет. Бұған таласа келіп, колынан алалы шапан, тон киген, бұл құшактаған үлкендер бар. Бастап қант алған, шай құшактап, ерік-мейіз шашып кетіп бара жатқан бәйбіше, женгелер бар. Молдық, мырзалық белгісі. Қопшілік қуанышты, желікті. Бәрінің ауыздарында: Шери, Шери мырза, мырза! – дескен сөздер. Акан көп ақын ішінде, бұлар баяу. Ішінде домбыра соқтырып, жыр айтып отырган Досмұхамбет ғана.

Kөрініс

Нұржан. Досмұхамбет, іркілме. Мырзаның алдын аршы, жолын тазалай бер. Алғандарын құтты, құтты болсын, қудалар. Бұл заман жаман заман деп кім айтады? Ірбіт шапқан, ой-қырды алған ояз-жандаралмен бастас боп, кезек қонақтасып бас силасқан заман бегі Шери бай, Шери мырза, соның шашқан шашуын терген аға-женге, коңсы-қолаң текке қуаныш жүр ме? Қай заманың осыдан артық екен. Осы сезім рас болса, көде алушы көрі-жас, Жұсіпке, Зайраға қайырлы болсын айтындар.

Досмұхамбет (*жұртқа сый беріп жатып*). Алындар, келіндер. Атқөпір қып жүретін біздің мырзаның дағдысы. Ақынным, соға бер. Кәдеге жарайтын өзің ғанасың. Сенің еңбегінді мырзаның өзі актайды. Уай, жұрт жаңағы мына Нұржанның соңғы айтканын ұмытпандар.

Бірінші бәйбіш е (*Жұсіпке*). Куаныш құтты болсын. Қол артқан жерің олқы емес.

Екінші бәйбіш е. Тек ұзағынан сүйіндірсін (*Оқшауырақ түрган Зайраға бірнешеуі жиылып келгенде*.) Шырағым, сен талғаған болсан, ол тандаған алтын айдар шоқ белбеу жар осы болады.

Дауыс. Іздегеніңе сұраган деген осы. Болмаса кімнің колы жетіп еді Шер биіне.

Екінші дауыс. Ірбіт шапқан, Макаржы барған бай.

Бірінші бәйбіше. Осы дуан-дуанның бар ұлығы аулына қонған, асына мәз боп жатады деген рас па екен?

Дауыс. Рас емей. Осы күнде де, осы 6 болыста сайлауга шыққан оязың Шери аулында он күннен бері конактап жатыр дейді.

Екінші дауыс. Ендеше ояз ұлық емес, Шери ұлық та.

Екінші бәйбіше. Е, Керейдің бар болысын Шери сайлайды. Сол атаған кісі болады деп отырган жоқ па?

Нұржан. Тек қазағымның өмір жасын ұзақ қылсын...

Бірінші бәйбіше. Бәсе, қуан, Жусіп, Зайра шырағым, сен де куан.

Зайра (*қысылған, толқуда*). Не деп шырық көбелек айналдырып барады мына жұрт. Не дермін, не істеймін. Менің ырзалығым сұралмай-ақ далада қалғаны ма?

Дауыс. Қасында баяғы Абылай тұқымы, казақ төресі, ояз, тілмашы, бір төре тағы бар дейді.

Нұржан. Келсін ол да. Өзі ылғи Шеридің емеурінімен жүреді десетін. (*Zайра кетіп қалады*.)

Kөрініс

Тыстагы дауыстар. Мырза.. мырза келеді...
Шери... Шери...

Үйдегі дауыстар. Мырза... мырза кеп қалыпты.
Шери мырза, Шери мырза. (*Жұрт тегіс как жарылып тік турегелісken*.) Бай келеді... мырза келеді... Шери мырза.
Қасында төрелер, төре! (десе береді. *Kіріп кеп жұртқа пандана қарап төрге қарай басады. Оттырысады*.)

Kөрініс

Төре (*Шериге, айналадағы жұртты көрсетін*). Сен екеумізге мыналар дикарша қарайды. О несі екен?

Шері (*куліп*). Бұлар өзі бір қазакы, ескі ел. Адамдар мен әдеттері де баяғы қан жеген ата-аналарынан алғыс емес. (*Күліседі*.)

Төре. Қан жеген? Оны неге жеген?

Досмұхамбет. Ас болат дейді ғой, төре-ау.

Төре (*Досмұхамбетке*). Сен бұларға ақыл үйрет, ұрыс!
Бізге бұлай сиyrша карамасын.

Досмұхамбет. Рас-ақ... ендеше мына отырғанның бәрі ақын. Ылғи “сен тұр, мен атайын”. Енді тіпті осылардың қантарылып қалтуына жол бар ма, неге сөйлемейсіндер, түте. Мына Шери мен төреге сәлем бергендерің қайда?

Дауыстар. Иә, бәсе, бұл не отырыс?

— Бәсе, мұндайда ақын бастамас па?

— Амандық та қолқа боп па, о несі? (*Шери жолдастарынан Нұржан домбырасын алады. Шолақ та, Біржан да домбыра ұстайды. Нұржан айтуга ыңгайлана береді. Шери мен төре өз беттерімен өзілдесіп отырған. Шери мыналардың өзірлігін елемейді.*)

Шері (*төреге*). Сіз Зайраны осында шақыртпайсыз ба?

Төре. Уа, уа бұ не шу... керек, керек, а өзі неге келмейді.

Шері. Е, белгілі ғой. Ол да бір қарангылық белгісі. Бірсесе топыр жиып, ойын-сауық құрады. Онда ұлтмайды. А, бірсесе ұятты кісім болғансып тығылады. Бетін жасырып, көрінуден қашады. (*Күледі. Жолдастары қошаметтейді.*)

Төре (*Шаймарданға*). Ну, Шаймардан, сен Зайраны мұнда шақырт. Бізben бірге отырсын. Какже иначе. (*Сол кезде Зайра кіреді. Қасында қызы нөкерлері. Ол үялып қымсынбайды. Мыналармен амандасады. Төре Шериге.*) Однако, ол корғанбайды. Это по-европейски.

Шері (*қомағайланған қарап*). Иә, “товар налипо”, а товар жаман емес. Қалай ойлайсыз?

Төре. Сенің көзің өткір деп білем, губа не дура, ха-ха! Ну ақындар! Бұлар немене ауыздарына су толтырып алғандай?

Нұржан. Су толтырып алғандай. Бәсе, ақындар, сендерге не болды, жарқындарым-ау...

Досмұхамбет. Өздері бүтін кірбен бе? Қалай? (*Күліседі.*)

Зайра. Біреудің пысы басып отыр деймісіндер? Айттар.

Біржан. Бәсе, тіпті бізді кууга айналды ғой мына жүрт.

Ш е р и. Дегенмен кінө сендерде. Алудан сендер, беруден мырзалар кеткен жоқ қой. Жел сөзді соңша бұлдаپ, езіп ішуші ме едіндер. (*Төре, Шери катты құліседі.*)

З а й р а (*қасындағыларға*). Мен болсам мынадай мінезге қараганда тіпті айтпас ем. Ақанды танығаным рас болса бір ауыз сез айтпас.

Д о с м ұ х а м б е т (*қасында отырып*). Мен айтады деп білем.

З а й р а. Көрерміз. Ол сен емес.

Д о с м ұ х а м б е т. Ендеше, шырағым, осыны бәйге қылайық. Көрелік. Мені кемсініп жарапауың аз болған жоқ. Бірақ түбінде Ақаныңмен қоса жылап жүрсөң менен көрме!

Б і р ж а н (*шырқап жөнеледі*). Торсаның мырзасы, мырза Шери, қадамың құтты болсын. Бақ қарап, қыдыр дағыған баймысың, керейдегі бір құтым сен. Ойда орыс, қырда казақ данқынды естіп, сыртыңдан сусап отыратын, аузынан уызы тамған асылымсың. Саған ұлығы қол артты. Мен не деп іркілейін. Көрі ағаң алдыңда қанша айтса да қажымайды (*деген сияқты. Шерилер бұны шала тыңдал өздері құлісіп отырған.*)

Д о с м ұ х а м б е т. Бәрекелде, көрі шор аяғым, сөйлесең осылай сөйле.

З а й р а (*Біржан туралы*). Ой емініп қалған сорлы-ай, қалай бұраса солай жыгылады-ау.

Н ұ р ж а н. Мен сенің арқанда қалтақтап тіршілік етіп жүрген жақыныңын. Сенің сөзің ғана емес, жолыңа жанпида деген қараышымын. Біреуді хан, біреуді би, біреуді батыр деп мактаған заман, ұрлық-қарлық заманы болатын. Адал жолмен, шаригат жолымен, абиүрмен мал алғаннан аскан қас батырым сенсің... бұтына тері шалбары қатып, иығын тар шекпен қажап жүрген қазакты да би мен текке бөледің, өлігіне ақырет бердің. Сенің еңбегің ер еңбегі. Шаригат та, жанат та осы.

Ш е р и (*төрөгө*). Көрдіңіз бе, бізге акша ғана, пайда ғана керек дейсің. А, ел өзі не дейді? (*Күледі.*) Жігіт кадірін біледі.

Д о с м ұ х а м б е т. Атамаңыз, міні, елдің сөзі осы да...

Ш е р и. Міні. Бұл жақсы айтады...

Ы б ы р а й (*шырқай кемін*). Эттең тәңір-ай, бул заман жорғалаудың заманы болты гой. Бекен желісің болса да бөтен келсін дейтіндер болар. Сонда да саудагердің әкесін өлтіре ақша бер деген жүрісімнен тіпті танбаймын. (*Шерилер тыңдамай төремен әзілдесіп күлісіп отырады.*) Тиынға сатып алатын ба едің. Неге құштар болайын. Бұрынғы хан, төреңе де табынған емеспін. Бұныңда да жағынбаймын. Өлгенде ақырет берсе сол өліктің көріне күнәсін сатып, аларман боп күзге дейін қудалап, мұнқір-нәңқірдің бауырына апарып тықкан шығар. Ұғына алып іліндірсе мінер көліктің көзі болсын дегені шығар. Жақсылық пен жамандық бас қазының алдында өлшенеді, деп көп молда өздерің емеспен ұзақша шулайтын. Бұл дүниеде кіслік безбенмен өлшенеді дегенге біз де көне алмадық.

Ш а й м а р д а н (*кеkeмін*). Бәрекелде бұ сөз боп па?

Ш е р и (*тыңдамай отырган бойында*). Су татыған бірдеме шығар...

Д о с м ұ х а м б е т. Жаман қыз шешесінің артын шұқып ойнайды деп. (*Жұрт тегіс Досмұхамбеттерді қошеметтеп күледі.*) Өлмендер-ау, өлмендер...

З а й р а (*касындағыларға*). Жағынып, жалтаруды білмейтін, тіпті Ұбырайдықі дұрыс.

Ы б ы р а й (*Ақанға*). Е, жаратқан бар болғыр, тіпті неге төмөншіктеійн.

А қ а н. Жұрт ұнатпай қалды. Бұның ылайық болмады білем. Мынау тере Абылай тұқымы. Асылдың жүрнағы емес пе?

Ы б ы р а й. Е, бүйрекің солай бұрып тұрса өзіннің. Шөре-шөреде мен-ақ қалайын тілті.

Д о с м ұ х а м б е т (*Шериге*). Бұнда ана Ақан отыр. Кеудесіне наң піскен жігіт. Сонығана бір сөйлетші, төре... (*Шери мен төре сөйлеседі.*)

Т ө р е. Ей, Ақан, сен немене бағанадан малшайт етіп, мыналарға очередінді беріп отырғаның?

Ш а й м а р д а н. Ия, бәсе, бәсе. Ақан сөйлейтін кез жетті.

Д а у ы с т а р. Ақан айтсын, Ақан аға.

Ш е р и (*Зайрага естірте, төреге*). Ал Ақаныңның өлеңін

жері келді, төре. Мен білсем осы кісің ұраныңа табыла алмайды. (*Күліседі*).

Төре. Айтады... баста, Акан...

Досмұхамбет (*Aқан қолына домбыраны бере беріп*). Бұл кісі азamat қадірін біледі рой, сіздерді неге сыйла-масын.

Зайра (Шолаққа). Акан жігіт болса, екеумізге де қыл мойынға тақаған жеріміз осы екенін білер.

Ақан (*төреге қарап*). Қаракөктің тұқымы асыл задам, атаңың аруағына қоңы қонған даттаушы жырышың мен болам. Заманың аманында қазактың тобынан торай шалдыр-маган еліне қамқа болған асыл еді. Мен сол абырайдың ығында өсіп ем. Дәулет құсы бастан тайып, қараңыз бетбетімен сай өрлең қара шаруаң жүдеп түр еді. Мен елі көшіп иесі кеткен, көштен адасқан күшіктең атаңын жұртында жүр едім. Сені көргенім де бағым екен... саумысын.

Шайдардан. Бәсе, міні дұрыс сөз.

Досмұхамбет. Е, көшелі кісі жол мен жөннен адаса ма? (*Төреге*). Енді Шериге амандаң деніз.

Төре. Акан енді желісін үзбей тағы да шап, енді мына Шери мырзаны айт.

Досмұхамбет } Иә, Шериге, Шериге!..
Шайдардан

Ақан. Мырзаның көп мырзадан салты бөлек. Жұртым болса соны да мырза дей бер деуші еді. Шын мырзалық, шын асыл текті Шериден көрдім. Қазакқа келсе мырза, ұлықка барса пашоттай, патомствоның өзі ұлық тәңірі гаспадин тен едім деп жаны шыққыр қай қазақ айтады.

Зайра. Өз қанатынды өзін қырыкканынды білмейтін жексүрін, бұдірің жоқ сорлы ма едің?..

Ақан (*әнін үзбей айтып келе жатып, Зайраның қабағын байқап*). Сүйсінген жерімде келер-кетерімді білмейтінім де болушеді. Шын мырзаның шұғыласы басқан болар. Ой-дағымды ірке алмадым.

Даудастар. Бұл таластан тайқып шықты.

Досмұхамбет. Е, әддін білметеген әлек деп неге Ыбырайшыласын.

Ботпай (*Зайрага қарап*). Бәсе, иесі келсе қоңсызы орын басатады деп, осылай болса керек кой.

Ш е р и. Жақсы айтты-ау осы, ө? Зайра, не дейсіз?
З а й р а (*күйінген, қысылған түрде*). Тілегені қарынына,
өзі білсін.

Ш е р и. Ха-ха-ха. (*Төре қосыла күледі*.) Оны еске салғаныңыз ақыл-ақ. Бұл айтқаныңыз мынау екен ғой.
(*Бумажнегін алып, салмақтан, Ақанға лақтырмақ болады*.)

З а й р а (*ұмтылып тоқтатып бол*). Жоқ теріс ұқтың,
ұят болар. Мен оны айтқам жоқ. (*Шери күліп отырып, лақтырып жібереді. Ақанның алдына барып түседі. Бірнеше ақын ұмтылып умсынып қалады*.)

Д о с м ұ х а м б е т. Жерге түскен жетімдікі. (*Ала бергенде Ақан өзі бассалады*.)

А қ а н. Мен айтып, сен алатының несі. Бермеймін.
(*Калтасына салып алады*.)

Ш е р и. Өзің, өзің ал. Еңбек те, бумажник те сенікі.
(*Карк-карк күліседі*.)

З а й р а (*Ботбай караганда*). Намысымнан садаға, ер ме
десем тіленшімедің.

Ш е р и (*Шаймарданға*). Ендігі істің беті ашылды. Мә,
мынаны сен ки. (*Серілік знагын кигізеді*.)

Ш а й м а р д а н. Мал-басым жолыңа садаға, қарагым,
енди өзің билеп, төстей бер. Алдыннан шығар, жолыңнан
басын тартар үлкен-кіші жоқ. Сенімен бәс таласатын ақынбеді,
әне өзі де мына Зайра алдында абырайынан айрылып отыр.

Д о с м ұ х а м б е т (*Зайра мен Ботбайга жақындал*).
Ақын бәсекесі деген оңай ма, ұят та боса тұрат та. Өзі бас
салғанын көрмеймісің түйғындар.

Б о т п а й. Ұят-ай...
Д о с м ұ х а м б е т. Япырай, Айшаның данасын-ай.

Ш е р и (*Зайрага*). Мені батыр қылғаныңызды қоясыз
ба?

З а й р а (*куліп*). Жатырқасам бүйтер ме ем, о не дегенініз.
Ш е р и. Ендеше ықыласың мен шырайыңыз бізге ауса
екен.

З а й р а. Мен сіздің ықтиярыңыздан қайда кетеді дейсіз.
Т ө р е. Уат, уат бұны мен түсінемін.

Н ұ р ж а н (*Досмұхамбет иек қакқанда*). Бәрекелде,
қуаныш күттү болсын. Екі асыл шырақ жаратқанға біз де

маспиз, мына отырган жүрт. Ала көнлі жоқ. Тегіс қуанады, есіктен төрге, сүйінші... Тұғырынды жаңа тауып қуандың асылым, Шері мырза...

А қ а н (*күйіп-жсанып, домбырасын тастай беріп, тұрып бара жатып*). Адыра қалсын бүйткен ой-санам. Қайда қанғып кеткенмін, шоқ-шоқ дейтін жан бар ма маган?

Ы б ы р а й. Е, балалығынды жаңа ұқтың ба? Бәрекелде-ай, мұншалық келтемедің? (*Жігіттері мен екеуі де өкініп, салбырап шыға береді. Арттағылар мәз бол қуліседі.*)

Ш о л а қ (*тұманған күйінде*). Уай жүрт, әлі сөз байыған жоқ. Енді бұл бәйге базарына барсын. (*Өнші қатарына отырып, Ақанның домбырасын қолына алып*.) Мына домбыраның көмейіне тығылыш, айтылмай қалған сөз бар, мен соны жеткіземін. Переселеннің өгізін жүздеп алтын мені де мақтайды қазақ дурак. Кеудеме кірдің тасын көтерсем Мәди дейді. Бетін шаң басқан гаунарды мақтап не қылайық. Жалтыраған тынынды мақтайық. Соны салған қалтаны жактайық. Зайра қыздың той тарқары сол болсын, қыздың байы жылқы екен сүм, ойбай.

Ш е р и. Мынау не деп қыртады. Шығар мынаны.

Ш а й м а р д а н. Токтат былжыраған сөзінді, қанғыған неме.

Ы б ы р а й. Шолақ шынды айтты, қанғырғамыз жоқ, біз ел сүйген, елмен туысқан ақынбыз, қанғырған мына саудагер Шери.

Д о с м ұ х а м б е т. Аш көзінді. Болмаса көрерсің көресіні.

Ш о л а қ. Қыскарт енді, жорға құл, мойнынды жулып алармыз.

Ш е р и }
Т ө р е } Не дейді? Не былжырайды, жогалт көзінді.

(*Атып тұрып үрмак болады. Төре мылтық суырады.*)

Ш о л а қ (*төсін үріп*). Әдіре қал атып көр. Кім деп білесің, көзінді ашып қара.

Ш а й м а р д а н. Шық, кет аулымнан, кет, өңшең бұлік.

З а й р а. Тимендер ақындарға, бұлар менің қадірлі қонақтарым, үй иесі бізбіз. Ала, айтшы бізбіз.

Ш а й м а р д а н (*Зайраға*). Шығарма үнінді... жетті.
Ш е р и. Құның төлентен, менің алдынан шығатын
сен бе едің. Жетті енді, кетсін мыналар бұл ауылдан.

Ш а й м а р д а н (*Зайраға*). Шығарма енді үнінді.
Боларын болған, масқаралама мені.

З а й р а (*шешесіне*). Япыр-ай, апатай-ай, шынымен-ақ
осы торға шырмалдым-ау. Енді маған ерік бар ма, жоқ па,
әлсіз, жалғыз панам.

А л т ы н а й (*бірге жылап*). Жалғызым, тек бағың ашы-
лғай-ақ та! Құнің не болады?.. Көзім жетпейді. Ерік мен
байғұста ма. Қенілім тіксінеді. Я құдай, жалғызымың ба-
тын аш.

Ш Ы М Ү Л Д Ү К,

Бесінші сурет

Сахна бір отау, бір үлкен үйдің жартыларынан құралған. Арадарында
алаң бар. Отая Шеридін үлкен ойелі Ақлиманікі. Соңда Айша,
Аклима. Үлкен үйде Торсан. Оған Бәкен қымыз сапырып беріп отыр.

Kөрініс

А қ л и м а (*ашулы*). Асайын деген екен сенің ағаң.
Тәубесінан жаңылған екен.

А й ш а. Женеше-ай, атты алысқа айдаңың ғой. (*Күледі*.)
А қ л и м а. Менің енді іркетін дәнекерім жоқ. Қайда
әлгі Досмұхамбет! Ай, Досмұхамбет! (*Досмұхамбет келеді*.)

А й ш а (*Досмұхамбетке*). Немене, келе жатқаны шын
ба?

Д ос м ұ х а м б е т (*Ақлима жаққа жалтақтай тұрып*).
Ия, болар іс бол қалып еді, құрғыр. Келіп те қалды тіпті,
несін жасырайын.

А қ л и м а. Шақыр Ботбайды! (*Досмұхамбет шығып*
кетеді.) Өткен күннің бәрі үмytic деген екен. Ирбітке қолын
жеткізген, Макаржіге апарған, банкі ашып берген менің аулым
емеспеді? Менің арқам болмаса ішіп, жеп отырғаны кімнің

мұлкі. (*Досмұхамбет, Ботбай келеді.*) Бар, ана атама менің сөзімді жеткіз. Керекуден екі жүз жылқы, уш ақ үймен келген қай келінді көріп еді, бұл өнірдің қазагы менен бұрын, менің шаңырак түйеме мініп келетін кара қазактың құн қызы менің теңім боп па? Не қазір алдырмай қайтарсын. Немесе мен бүгін төркініме хабар жібертем. Келіп бар жасау мұлкіммен мені алып кетсін. Басқа сөзді білмеймін. (*Аналар кетеді. Айшаға.*) Сен де маған дос-ақ екенсін. Қоздырган сен дейді, рас па, шынынды айт.

Айша (*куліп, қысылып*). Ашу алдында, ақыл соңында демел пе еді. Неге мұнша тарылдың, жеңеше-ай. (*Досмұхамбеттер Торсанға кеп сәйлесіп жатады.*)

Ақлима. Жалтарма, сөзіме жауап бер. Саған да менің кәдірім тозған екен. Солай ғой тегі.

Айша. Еркелікпен айтып қап ем.

Ақлима. Сондағы ойынышқтарың мен ғой.

Айша. Жоқ, жеңгем сенсің, басқаның керегі жоқ.

Ақлима. Қөлгірсіме, алдама.

Айша (*куліп*). Шын айтам, жеңеше. Және анау ақындарды тұқыртып кетсін деп бір ашумен айтып қап ем. Алсын деген жоқ едім.

Ақлима. Ендеше сөзінде түр. (*Есік алдынан бір топ қыз, қатын өте береді, арасында осы ауылдың қулары: бірі сақау, бірі қыли, бірі сыйызы шалған ақын, бірі дуана-бәйітші – барлық тобымен: “Келін, келін келеді! Келіп қалды, келіп қалды!” десін, Ақлиманың есігінен өтерде, қымсынып ауыздағын басады.*) Әй, не, есік қакты немелер! (*Сырттағылар тұра қалады.*) Бұ не шу? (*Кулар майыса кеп, екі босағаға барып күлдірмек болады.*) Тарт әрі. (*Аналар тыла қалады. Ақлима Айшаға.*) Өтірік айтпасаң, ана әкеңсө сен де бар. Тидыр, қайтарт. Болмаса төркініме кетемін. (*Айша түрекелгенде.*) Осыны істемесем әкемнен тумай кетейін. (*Тысқа шығып қатындарға.*) Жоғалт көздерінді. Куанғышын бұл немелердің. Кет үйлеріне. Алғызбаймын. (*Қатын-қызы ығысып жөнеліседі. Ойынышлар қалады. Ақлима соларға.*) Маған күндес болуга жүргіп батып келетін неме ғой. Шери аулы қалай қарсы алады екен. Көрсетіндер сендер, қарсы алындар. Өлер, тірілер жерлерің осы. Бүгінгі керегіме жарамасаң, атау керендейді

ішкізермін түге. (*Кулар репетиция жасағандай бірі сақаула-нып, бірі бейітшілеп, бірі қылиланып аз ғана құтыра бастайды.*)

Kөрiнiс

Т о р с а н (*жатқан қалпынан қозғалып басын көтерін*). Бір қырсық үшін Ақлимамнан айрылып құтымды шайқау-шымем? Ақлимадан басқа келінім жоқ. Оның төркіні менің аскар белім. Құтырмасын, құдайын ұмытпасын Шери... Керегі жоқ...

Д о с м ұ х а м б е т. Қатын сөзі бір сәрі. Қай қатын үстіне қундес алғызыам деуші еді?

А й ш а. Ақлиманың ашуы үлкен көрінеді. Мен ажарын көріп кеп отырмын. Отпен ойна демесенші, Ботбай.

Д о с м ұ х а м б е т (*Торсанға*). Иттің иесі болса, бөрінің тәнірісі бар. О да кедейдің баласы. Сүйегінді қорлайын деппен, бай.

Т о р с а н. Көмегім, елім, ұзын арқау, кең тұсауым Ақлиманың аулы. Маған дәүлет бітірген Керей ме еді? О несі екен!! Керегі жоқ. Тыныштығым мен амандағыымның садағасы. (*Сахна алаңына Шаймардан, Нұржан, тағы бір топ, қыз үзату, шу, үлкендер шығады. Құдалар. Торсан үйінен Айша, Досмұхамбет, Бәжекен шығады. Олар жақындағының құдаларды ешкім қарсы алмайды. Олар анырган күйде Ақлиманың отауына жақында береді. Ақлима бұл уақытта астына орындық қойып бергі шетте үйінің алдында отырган.*)

Kөрiнiс

А қ л и м а (*жақындаған келген құдаларға*). Бұл үйге кірмейсіндер. Үстіме қундес алдырып, тасталған қатын аталағып, байтал тапқан күнімде кіргізсем де жетер. (*Құдалар шайлыға береді. Айша кеп Ақлиманың қасына отырады. Құдалар дағдарып, Досмұхамбетке бұрылғанда.*)

Д о с м ұ х а м б е т (*мойның теріс бұра берін*). Өзінен зор шықса екі көзің, сонда шығар... Е, сорым бар басым.

Н ұ р ж а н (*Бәжекен мен Досмұхамбетке*). Мына құдалар бай үйінің өзіне кіретін шығар, әлде. (*Дағдарыс, аналар үндемейді. Құдалар солай қозғала береді.*)

Д о с м ұ х а м б е т. Бай тыныштық алып жатыр. Кірге
болмайды.

Ш а й м а р д а н. Бұ қалай... енді қайда? (*Досмұхамбет дагдарғандық белгісін жасайды. Қулар оның қозғалысын ма-зак етеді.*) Ендеше үй өзірленгенде осында отыра тұралық. (*Өзі бастап жерге отырады. Өзгелер де біртіндең отыра бас-тайды. Аздан соң қызыл торғын шымылдық желбіреп келінді әкеле жатады. Мына жақта үн жоқ. Ешкім қозғалмайды. Келін тобы тоқтайды.*)

K e r i n i c

А қ л и м а (*тым-тырыстан соң қулар мен Досмұхам-бетке ым қағып*). Бастандар, куантындар ана бай орынды таңдап келген келінді. Неге тұрсын, түге!

Д о с м ұ х а м б е т (*бастайды, өзге қу қостап, бұзық беташар айта жәнеледі. Әні беташар, бұзыған сөздерді біреу ұлыған, біреу маныраган, біреу жылаған, біреу құлғен, бірі кісінеген тәрізді қып, қым-куат, шым-шуыт етін айтады.*)

Өзін жатып күйеуінді басқа соқпа, келіншек,
Алдыңғы түйен итіншек деп құрт ұрлама, келіншек,
Артқы түйен тартыншак деп тұр-тұрлама, келіншек,
Кеткен дәурен келмесе, құр-құрлама, келіншек.
Айт келін-ау, айт келін,
Шымылдығында тарт, келін,
Сені тосып отырған
Өзге емес мына қарт келін.
Осы арада аз ғана енді токта, келіншек,
Қайда келдің, кайдасын күйің жоқта, келіншек.
Жылаймын деп жалғыз-ақ көзің жасын бұлама.
Мұнда күйеу болмаса өзге жоқ па, келіншек.
Айт келін, айт келін,
Шымылдықты тарт, келін,
Сені тосып отырған
Өзге емес мына қарт келін.
Баршаңызға бір сәлем. (*Шымылдық ашылмай, бөгеледі.*)

З а й р а (*беташар басталған жерде ұялып, сөздерін есіткенде шошып тұрған*). Сұмдық-ай, не күйге ұшырап ем.

(Шымылдыкты үстап босатпай тұрғанда өзгелер ашып жібереді.)

Қулар бәрі қатарынан:
Сақауқу (*қылғынып, бет-аузын бұзып*).

Айпанадан ак жүзім сіз кейесіз,
Жөн-жосықты биетін сіз тәбесіз,
Ақ жүзімді кейгенің осы-ак екен,
Көніки, көйімдікке не бейесіз-ау-ең-ең!

Қали (*ақшырайып, танауын ежірейтіп*). Тайқар байдың үйіне кіріп келіп ем. Төрде ак төсектің үстінде тайқардай ак кыз отыр екен. Ол маган қарап жымың ете тусті, мен де оған қарап жымың ете тустім.

Сыбызылықу (*жынды сүрәй, киімі борша-борша*).

Пайғамбарым тартқан сыйызғы болсан,
Көк қойдың өңешімен қапталсан.
Енді кеп маган тисен,
Сонда сениң не арманың бар, арманың бар-ау.

Бәйітшіқу.

Көрің қадір құдіретін,
Білсін таю сұнғатын,
Мұстафаның ұммәтін
Әндім шариф қылдия.
Сүйітші, иә, келін, сүйітші, иә. (*Аклима құліп отырады.*
Өзге жұрт та кошеметтейді, құледі. Зайра жылап бетін басады.)

Алтына. Осы Зайра жаным жылап тұр-ау. Мына біреулер өзі өңшең сайқы мазақ па немене, құдай!?

Шамадан (*қарамай*). Он сапарын берсін. Қайтер дейсін, балдардың ойыны ғой жәй. Құтты орнына қондырсақ, болды да сол қызды. (*Шери, төре, ояз шығады. Торсан да үйінен шығады*.)

K o r i n i c

О я з (*ортса жерде Торсанға жақын*). Бұнда не уакиға боп жатыр?

Т ө р е. Міні, ваше благородие, бұның аты қазақ ботқасы. Ә, оны расхлебывать ететін кім? Ол (*куліп*) вопрос!..

О я з (*Шериге*). Әй, Шери, мен сені мұндай лабелас деп ойлағам жоқ. (*Торсанға*) Ну, бай не ойлайды?

Т о р с а н. Мен ырза емес, төре! Ана келін Аклима да ырза емес. Мен Шериге ырзалық бермеймін. (*Шериге*) Білдің бе, міні, алмайсың. Қайт қазір сөзіңнен, қайтар мынаны.

З а й р а (*өзи-өзіне, көзін басып, ах ұрып*). Сорлы басым қайда кеп ем? Қара жерге кірсем етті.

Т ө р е (*ояз бер Шериге*). Басы әке қарсы, Аклима қарсы. Хал... өзі бір ойсыз істелген нәрсе. (*Күледі*.)

О я з (*Шериге*). Ну, сен не айтасың?

Ш е р и. Білмейім қандай ақмактық болғанын. Осы күйден құтылсам екен.

О я з. Аклиманың ағасы, әкесі почетный, влиятельный адамдар. Оларды ашуландырсан, үлкен неприятность болар.

Ш е р и. Отказать етем бе?

Т ө р е. Көп қатын алған дейсің.

О я з. Нука мечту, глупость. Көп қатын алудан қашсан сені біздің бәріміз справедливо істеді дейміз, культурный поступок дейміз.

Ш е р и. Чепуха! Өздері ақымақ болмасын...

О я з. Мало ли бывает шуток.

Т о р с а н. Бол, әй, Шери, аулақ әкет аулымнан мына топырды.

Ш ай ма р д а н. Бұ сөздің беті қалай-қалай шалқып барады өзі. Шырағым Шери, бір деп білегіннен, ер деп етегіннен ұстаганым сен емесспең?

Т ө р е. Начинается!

Ш е р и. Керек емес. (*Ілгері Зайрага таман басып*.)
Мен қата істеген екем. Айып менен. Бірақ мынау әке, мынау ұлық, барлық иғі жақсы мені тыйды. Мен енді... рұқсат еттім.
(*Зайра жылап жібереді*.)

Ш ай ма р д а н. Сөз осы болды ма?

Т о р с а н. Болды енді. Тартыл сүйген жар болмайды.
Ей, Шаймардан, сен мені зорлықпен құда етушімен... Жа-
ным, шаршатпа бізді енді...

Ш а й м а р д а н. Олай болса менің де сөзім қысқа.
Менің байлауым міні. Жердің үстімен кеп астымен қайтпай-
мын. Әкелдің. Енді есебін өзін тап: өне келінің. Не қылсаң о
қыл. Мен, міні, кеттім... (Өз кіслерімен Зайра қасындағыла-
рға.) Жүріндер тегіс! (Жөнеле беріседі. Нұржан Шери қасын-
да қалады.) Зайра, қал, шырағым!.. Кімнің жерін жерлесен,
соның суын сула. Арсыз болмасаң абыұрлы болмайсың деп
түр ғой мыналар. Жетенде болса соны үк.

З а й р а. Қорлық-ай не болдым, не болдым? Әкет мені.
Апатай-ау, қорлады ғой бізді! Қайттім мен енді. Әкет мені.

Ш а й м а р д а н. Жок, қал... Маган да керегің жок...
Жүріндер, жүріндер. Өлсөң сүйегінді жоқтармын. Тіріде сені,
міні, мен де қайта алмаймын. (Кеміп қалады. Зайра жалғыз
түрын қалады. Шымылдық жерде басылып қалады.)

А л т ы н а й. Тірідей жер болдың ғой, жалғызым.
Бұйткенше өлсен етті, козытайым... Өлдің енді сен. Мен де
өлдім. Жарығым, арманда кеткен жетіметім. Зарлы бейба-
ғым... енді тірі қалма, өл. (Жылап түрын тере мен Шеріге.)
Ендігі жалғыз арызым, қор болған жанның соңғы арызы. Ел
деп келіп ек қой, мынаны енді қаңғыртпандар. Жетім еді,
карызы бар емес пе? Бұда адамның баласы ғой. (Жай тұрган
жүргіт жағасын ұстаған, мұңайған. Қатын-қыз жылайды.)

З а й р а (өзгелерде үн жок. Зайра өзіне-өзи). Құдайым-
ау, не дейсің, апатай! Адасқан ит болған мен сорлыны енді
несіне жоқтайсын, неге садаға қып кетпейсің?!

Т ө р е. Қор әйел, күң әйел, мә саған. (Кері айналып
кетеді. Ояз да, Шери де айналып жүре береді. Үміт етін
төлміріп тұрган Зайра зар қағып жерге отыра кетеді. Ок-
тииң бүктеліп құлап түскендей.)

K e r i n i c

Ботпай мен Айша Торсанга келеді. Екеуі алдында сөйлескен.

Д ос м ұ х а м б е т. Бай, мына істің бір жауабы болады-ау осы! Енді бұның есебін тапқанымыз ақыл болар.

Т о р с а н. Қайт дейсің маған? Керей деген баласы тағы шықты. Мал-дүние судай акты гой енді.

А й ш а. Қор етпейік, әке... Шери басы азат кой. Басқа есебі табылмай ма! Жатқа кетпесін...

Т о р с а н. Уа, қайтейін мен. Байды жерден қазайын ба?..

Д ос м ұ х а м б е т. Мына Бәкеніңе өпер. (*Торсан ойланып қалады.*) Жатқа кетпесін.

А й ш а. Менің де ойым сол еді. Ерден кетсе де, елден кетпесін. Бәкен, бауырым болсаң осыны сен ал. Ешкімнен басы кем емес.

Б ә к е н (*уялып төмен қарал*). Әкем білсін... білмейім... Үят болмас па?..

Т о р с а н (*басын көтеріп*). Болды. Шырағым, басымды пәледен құтқар... Осыны тіледім сенен. Ал. (*Сөз шешілген сияқты. Айша мен Досмұхамбет Бәкенде ертіп алып, Зайрага жақыннатады. Торсан Зайрага.*) Шырағым, тұр. (*Зайра тұрады.*) Менің аулым деп келген екенсің, мынау да менің балам. Құдай қосса біз қостық. Осыныма ырза бол. (*Бәкеннің қолын Досмұхамбет Зайрага созады. Зайра жылап сол қолымен бетін басып тұрып он қолын Айшага ұсташкан күйінде Бәкеннің қолына тигізеді. Бетіне қараған да жок. Сол қалпында бұларды алып Айша, Досмұхамбет кетеді. Торсан Ботбайға жүртты көрсетіп бүйрек етеді.*)

K o r i n i c

Д ос м ұ х а м б е т. Уай, жұрт, мына бай бүйрек... бұ да той... енді той болады... той. Қызындар... ойнандар. (*Жұрттым-тырыс.*)

Т о р с а н. Тойын жаса, атын да шаптыр. Жуып-шай енді, түге! (*Жөнеле береді. Жұрт та үндеңей тарай береді.*)

К у л а р (*шулап*). Уа, той, той! Қуан, кедей, қуан. Ат шабады... ат шабады... Бәйге, бәйге!.. (*Өздері мазақы ойындарын ойнап, билей тарқай береді. Осы шудың аяғына Ақан, Шолак кеп шығады, қастарында 3-4 кісі. Мына дабырды естіп тұрады. Екінші жақтан Досмұхамбет шыққан. Тыңдайды.*)

Kөрініс

Ақа н. Ә, той екен... Зайраны Керей шыны-ақ әкетті де!

Шолак. Бәйге дейді. Ат шабат дейді.

Ақа н (*ойланған қалып*). Солай ма? Ендеше қайтейін, төмен болса малым төмен шығар. Бағым төмен емес. Соны көрсетейін. Бәйгесіне Құлагерді қосайық. Зайраға да, Торсанға да бір оқ атып, күйік тастап кетейік.

Шолак. Бәрекелде... мұның ақыл-ақ. (*Жөнеліседі. Айша шыға беріп, Ақанға телміре қарайды. Ақан елемей өтіп кетеді.*)

Айшада (*Досмұхамбетке кеп*). Мыналар тағы не қып жүр! Әлі өзеурегені Зайра ма?

Досмұхамбет. Ендігі ісі ерегес. Бағымды жарыстырам Торсан баласымен. Бәйгеден Құлагерді келтірем дейді.

Айшада. Ендеше, әй, мұнда келіндер! (*Екі жігіт келеді. Досмұхамбет ушеуіне.*) Шеримен тайталасатын, бізге басын июдін орнына аскак қарайтын кедейді мен көрейін. Бұл мына менің кетім. Құлагерді бәйгеден келтірмендер. Үктыңдар ма. Міні, біздің ауыл осылтай жеңіп, осылайша қағады, карсы келген мен жолда тұрганды... Танып ал.

Анаүшесүі. Құп-құп дегеніңе. (*Жорықтарымен бекінгендей белгі жасады.*)

Шымбылдық

Алтыныши сурет

Сахна ойлы-қырлы сар жота сиякты. Арғы көк аспан заднігі мен сол бергі жотаның екі арасынан бәйтеге шапқан аттар отеді. Авансценага көк шалғынды кішкене бұлак, ағып түседі. Сахна ашыла бергенде: “Ұста, ұста! Тоса бер! Тоса бер!” дескен қаскөйлер үндери естіле береді Бір шеттен: “Қарауы! Қарауы!” деп ұран салған бойге атқа шапқаң бала Борібайдың үні естіліп келе жатыр. Баланың көк шыт байлаган басы жәнс Құлагердің қос құлагы мен созулы кекілі көрініп оте беред Сол арада жол кесушілер: “Сілейт, сілейт! Қақ! Қақ шекеден!” десін

скі жақтан шоқтар, сойылдарын көтеріп үмтыйлады. Тегіс сормейді.
Құлагер басы сар жотага шыға бере құлап түседі. Бөрібай жотаның
бергі бетіне үшін түседі. Досмұхамбет бері шыға береді.

Д о с м ұ х а м б е т. Ойында өрелік жоқ деген... біздін
бір осылайша ойнайтынымыз да болады... Жат, жануар.
(*Карқылдан құліп.*) Уа, бәйге сенікі. (Сол кезде: “Керей, Ұак!
Керей, Ұак! Қыпшақ! Қыпшақ!” деген ұрандарды айтып 3-4
ат Құлагер келген жолмен шауып өтеді. Аттар шанжасау-шан-
жасау өте береді. Әрқайсысының артын ала көп топ болып,
қалың ұран шақырган тартушылар дүрілдесіп өтіседі. Жыл-
дамдатып Шері шығады.)

Ш е р и. Алдыңғы атты тер басып кеткен екен, тани
алмадым. Іздегенім ылғи Құлагер еді... қай-қай ат өтті осы?
Біреуі әйтеуір анық біздің ел аты.

Д о с м ұ х а м б е т. Ойбай, мырза-ау, ендігі алды
Ырғыздың, Керейдің көкжалы фой. Екіншісі тағы бір Ду-
лат... Мынауың мінеки. (*Құліп.*) Мына жерде бір қатты
казық бар екен, соған сүрініп жығылғаны сорлының...

Ш е р и. Уа, қой енді қысыр кеңесті, не қып тұрсын.

Д о с м ұ х а м б е т. Жұмыс бітті деп тұрмын.

Ш е р и. Жоқ. (*Қарап тұрып.*) Мынау артқы аттар
шоғы келеді екен. (*Күн салып тұрып.*) Ендігі бөтен аттар
екен. Анау сайға, анау тастаққа қарай, теріске салып
жіберейік. Исте соны! (*Бәрі беріктерін сол теріс жакқа
қарай сілтей шауып, өзге аттардың бетін қисық бұрып
әкетеді. Дүбір, ұрандар алыстан кетеді. Есін жаңа жиған
Бөрібай сүйретіле барып, Құлагердің мойнын құшақтай
жылайды. Аздан соң Ақан мен Шолак шауып шығады.*)

K e r i n i c

А қ а н. Құдай-ай, не дейді? Не дейді? Ah, дүние
жалған! Мынау неткен сұмдық еді! (*Ah ұрып кеп, талып
жығылғандай бол, Құлагердің басын құшақтай, зар еңірей
қулап түседі. Шолак күйіп кеп, баланы тұрғызып алып.*)

Ш о л а қ. Уа, не болды, не болды, жарқыным! Не күйге
ұшырадың, сорлы мұндар?..

Б ө р і б а й. Осы арада ұрып жықты, ұрып жықты. Бір
кол кісі қантап тұр екен.

Ш о л а қ. Уа кім, қандай ғана қырсық? Таныдың ба бірде-бірін?

Б ө р і б а й. Танымадым.

Ш о л а қ. Уа төбенмен жорытқыр, тым болмаса қай ел екенін білдің бе?

Б ө р і б а й. Осы той қылған ауыл. Осы иттер. (*Жылайды.*)

Ш о л а қ (*атын тұрып қамишысын білең тұрып*). Бәлем Керей, осыны ата кегім қылармын. (*Айғайлап.*) Уа, қайда-сың, Қарауыл! Қарауыл! Құрып кеттің бе? Құрып қалғыр... (*Ашууланып, сапысын суырып шаба жөнеледі.*)

K o r i n i c

Ақан талмаусып, ыңырси береді. Ызакойы бір срекшс зарлы қүйге таман айнала береді. Тенселіп, көзін жұмып, толғана отырып соғсіз жыр шерткен тәрізді. Жассыз жылау, жоқтау сарыны. Сол сағатта картайып, жүдел, оні қуарып, әжімдер терсіндеп, таусылып сөніп бара жатқан сияқтанады. Анда-санда: “Бөрібай, Бөрібай” деп қояды. Кейде Құлагердің басын сипаганда “Борібай, Борібай” деген сөзben үйқасып, алмаса береді. Аздан соң бір тоиты бастап, акырын тұлан тұтып Шолақ шығады. Ел есіткен. Шолакпен келген топтың ішінде Торсан мен ояз бар. Артында стражники.

Ш о л а қ. Уа көр, көр міне. Біздің ояз, біздің той иесі бай. Өлтірткен мына, Торсан, сенсін. Алдарыңнан өтілгенім осы. Енді Қарауыл құрып кетпесе, бәлем бакал сл шапқандай әлекті салармын.

О я з. Кім өлтірді, кім біледі?

Ш о л а қ. Міне, міне, мына бала адам емес пе?

Б ө р і б а й. Осылар... мыналардың кісілері.

Д ос мұхамбет. Бала куәлікке жүруші ме еді. Есінен шатаасқан ба өздері.

Ш о л а қ (*тепсінін кеп*). Сен не дедің, қайта айтшы.

Т о р с а н. Несі бар еді?

Д ос мұхамбет. Айттым сол, қайтушы ен.

Ш о л а қ. Мә, айтсан. (*Камышымен тартып жібергенде Досмұхамбет тұмактай үшады.*) О, жүзің күйір өңшен.

О я з. Бұ не, мен тұрганда, шошқалығың бұл. (*Стражниктеріне белгі береді. Шолак олардың келе жатқанын көрмейді.*)

Ш о л а к. (*Торсанға*). Сауда қылмақ түгілі дүние алсаң да көзінді ағызайын ба?

Т о р с а н. Қысқарт енді, қоңыз тергізіп жіберермін.

Ш о л а к. Шыксын, шығар онда, бер кезекті жалғыз өзіме, өлігінді бір тәбе кып үйіп кетейін.

Т о р с а н. Ашып қара көзінді.

Ш о л а к. Ай, доңыз-ай, ызаң өтіп еді. Құнын бір-ак берейін. (*Тап береді ақырын.*)

О я з. Захватить, арестовать! (*Стражниктер мен көп қазақ барлық жағынан қамай тұра қалады. Солдаттарда жалаңашталған қылыш, тапаншалар. Шолакты арест қып алып кетеді. Бәрі де кеткен. Бұрынғысынша ыңыранып теңсеген Ақан отыр. Зар үні жым-жырттың ішінде үдең кетеді. Сонда бір шеттен сенделгендей, есінен айырылғандай бол да-ланы өз бетімен кезген Зайра шығады. Жібек жібіндей шира-тылған бір жінішке ән, түпсіз терең шер-зар әнін о да сөзсіз термелеп келе жатқан сияқты. Жалғыз күніренген Ақан енді үшін, зарын өрлеме-өрлеме өсіре келіп, аяғында ботасы өлген нар інгендей әрі қүшті, әрі суық зарлы әнге басады. Азынаған-дай. Әннің басынан өз әнін тоқтатып, үздігіп талмаусыған-дай бол түрган Зайра енді тал бойы үйіп, елти тыңдайды. Ақан Құлагердің туысын, әмірін және өлімін айтқан жоқтау зарды ақтарады. Қайырмасында “Бәрібай, Бәрібай!” деп қояды. Зайраның мағынасыз құлімсіреген жүзінде өлде-немене, бұлдырыға дәмесін артқаның белгісі бар. Өн-бойында бір өлі мен тірінің арасындағы жанның кейіпі бар).*

З а й р а (*талмаусын*). Жаным-ау, жаратқан-ау. Мен бармын ба? Жоқпын ба осы? Үйқыдамын ба, ояумен ба? (*Көзі көк аспанға телміре береді. Бұнын телмірген бет алдынан машыкты аққу шығады. Сілкінеді. Қызы болады. “Құла-гер” зарына қосыбы болған зар-жылау күйін билейді. Шерменен мың үшіншінде әннің басынан өз әнін тоқтатып, үздігіп талмаусыған-дай түсіп.*) Қайғын мені алсаң басыла ма? Мені мына қорлықтан әкетсең нетті? Кеңпессін бе?

А қ а н (*bір караң*). Жоқ, менің күнім өтті, бітті. Кесілді жол, үшты дүние. Бакыл бол! (*Зайра жауап қата алмайды. Себебін сұрай алмайды. Басы төмен түседі. Көзі қырда.*) Құлагер текке өлген жоқ. Ақанның бағы қайтты. Енді Ақан өлді... (*Әннің, домбырасын кенеттен ұрып, домбыраны тасқа*

бір салып талқан етеді. Сол секундта Зайраның көз алдында пері қызы жер астына батып кетеді. Акан тұрып, жағасын қос қолымен ұстап бір жаққа кете береді. Зайра шатасқандай алас үрып, дагдарып кеп қызы батқан жерге телміріп тұрганда сары жотадан Айша бастаған қулар тобы шыға келеді.)

Айша (кетіп бара жатқан Ақанның сыртын көріп, үмттылып басып). Акан, Акан сері!.. Акан! Маған бірде-бір жол он қабағынмен қарамай кеткенің бе? Жарайды мені танымаганың қозінің қарайғаны, тіршілікте түйікқа камалғаның ғой. Өмірде сүйсөң маған сүйенер едің... оған да дәрменіңнің жетпегені ғой... мен құр тұлыпқа мөніреп жүргенім ғой. (Акан бұрылмай кетіп қалады. Аз қарап тұрып Айша сұлық түсін қап, артынан ашумен тез бойын жиып ап.) Ендеше садағам!.. (Бұрыла беріп Зайраны көреді. Ол кінәлі адам сияқты.) Ә, кінәлі мұнданамеді? (Құледі. Сақылдан мазак ете, ызамен құледі. Соңда бұның қасындағы қулар Зайраны жан-жағынан, жыны перідей коршап алып, бет-ауыздарын неше алуан сүм гри масалар жасап құбыжықтай құбылтып, адам үқпас сөздерді, баяғы біріншідегі өлеңдері сияқты тала-са, жарыса айтсып, сайтанша құтырынып билеп, сақылдан құліс береді. Билері тәртіпті би емес, қиралаңдаپ, қисалан-даپ неше алуан изломы, изгибы бар шым-шытырық болады. Зайра пері қызын, Ақанды іздегендей алас урганда, мынандай гри масалар алдынан құлашты жайысады.)

Зайра (кенет қышқырып қалып, шатаса бастап). Пері... пері, өңщен пері ойнағы. (Сақылдан құліп, бет-ауын ытрыжында тып.) Мен де пері!.. (Аналардан асыра құтырынып жөнеледі.)

Айша (шошинып шегіне беріп). Токта... тоқта!.. (Кулар тоқтай қалысады.) Жынданды... жынданды!.. (Шегіне береді. Зайра ойнактап-ойнактап жаңағы “пері ойнағы” деген сөздерін кайталай береді. Бір сәтте жүрттың көз алдында шашы бүркүраган, күімі дал-дал бол айрылған, нағыз құтырған адам күйіне түсе қалады. Әрі-бері алас үрып кеп, үздігіп құлап түседі.)

ШЫМЫЛДЫҚ